



**«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ**

ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес  
жеке қаржылық есептілік және  
Тәуелсіз аудитордың есебі

*2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін*

**МАЗМҰНЫ**

---

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Жеке қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп.....	1
Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жеке есеп.....	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп .....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп .....	4-5
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер .....	6-40

## Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен басшылығына

### **Пікір**

Біз «Самұрық-Энерго» АҚ-ның (бұдан әрі - «Компания») жеке қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есеп, пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кіріс туралы жеке есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, жеке қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

### **Пікірді білдіру негізі**

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес қабылдаған *Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда)* (БХЭСК кодексі) сәйкес, жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілігі аудитіне қолданылатын тәуелсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында жария мүдделі ұйымдардың жеке қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға қатысты тәуелсізбіз. Біз сондай-ақ осы талаптарға және БХЭСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### **Аудиттің басты мәселелері**

Аудиттің басты мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер жеке қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Shape the future  
with confidence

Біз есебіміздің «Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

<b>Аудиттің басты мәселесі</b>	<b>Тиісті басты мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды</b>
--------------------------------	--

**Еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы**

Біз бұл мәселе жеке қаржылық есептілікке қатысты еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға салынған инвестициялардың елеулілігіне және құнсыздану индикаторларының бар-жоғына жасалған талдау негізінде жатқан жорамалдар субъективтілігінің жоғары деңгейіне орай аудитіміз үшін барынша маңызды мәселе болып табылады деп есептейміз. Сонымен қатар, келешек экономикалық ахуалға қатысты белгісіздік еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар қызметінің перспективаларына әсер етіп, Компания инвестицияларының құнсыздануына әкеп соқтыруы мүмкін.

Маңызды жорамалдарға электр энергиясы тарифтерінің болжамдары, инфляция мөлшерлемелері, реттеуші ортаның тұрақтылығы, сондай-ақ орта мерзімді перспективада электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі жатады.

Еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға салынған инвестициялар туралы ақпарат жеке қаржылық есептілікке 5-ескертпеде келтірілген.

Біз Компания басшылығының еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздану индикаторларының бар-жоғына жүргізген талдауын зерттедік және осы талдаудың негізінде жатқан елеулі жорамалдарды талдадық.

Біз Компания басшылығы құнсыздану индикаторларының бар-жоғын талдауда пайдаланған электр энергиясына тарифтерді уәкілетті органдар бекіткен тарифтермен салыстырдық.

Біз Компания басшылығы құнсыздану индикаторларының бар-жоғын талдауда пайдаланған дисконттау мөлшерлемелерін және болжамды инфляция мөлшерлемелерін жалпы нарықтық көрсеткіштермен және басқа да қолжетімді ақпаратпен салыстырдық.

Біз еншілес ұйымдар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарға салынған инвестицияларға қатысты жеке қаржылық есептілікте ақпараттың ашылып көрсетілуін бағаладық.

**Басқа да мәліметтер**

Компанияның 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы жеке қаржылық есептілігінің аудитін 2025 жылғы 5 наурыздағы бұл есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікірін білдірген басқа аудитор жүргізді.



Shape the future  
with confidence

### **Компанияның 2025 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратқа Компанияның 2025 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ жеке қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Компанияның 2025 жылғы жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Жеке қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен жеке қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

### **Басшылықтың және аудит жөніндегі комитеттің жеке қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі**

Басшылық жеке қаржылық есептіліктің ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Компанияны таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудит жөніндегі комитет Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы жеке қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.



Shape the future  
with confidence

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз.

Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ біз қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және тиісті ақпаратты ашуды бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде жеке қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп беру күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ жеке қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ жеке қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Аудит жөніндегі комитетке тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда – қауіп-қатерлерді жою үшін жасалған іс-қимылдар немесе қолға алынған сақтық шаралары туралы хабардар еттік.



Shape the future  
with confidence

Біз Аудит жөніндегі комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші - Адиль Сыздықов.

**„Эрнст энд Янг“ ЖШС**



Адиль Сыздықов  
Аудитор



Рустамжан Саттаров  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ МФ-0000172 біліктілік күәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі  
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы  
МФЮ-2, № 0000003 болатын Қазақстан  
Республикасының аумағында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия

А15ЕЗН4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2026 жылғы 3 наурыз



**ПАЙДА НЕМЕСЕ ЗИЯН ЖӘНЕ БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП**

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	2025 ж.	2024 ж.
Дивидендтер бойынша кірістер	13	90.405.043	46.347.543
Басқа да операциялық шығыстар (нетто)	14	(5.855.502)	(3.455.791)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	15	(9.246.158)	(7.998.724)
Қаржы активтерінің құнсызданудан болған залал (нетто)		(1.831.095)	(1.965.600)
<b>Операциялық пайда</b>		<b>73.472.288</b>	<b>32.927.428</b>
Қаржылық кірістер	16	30.133.200	15.853.545
Қаржылық шығыстар	17	(25.940.569)	(21.417.812)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>77.664.919</b>	<b>27.363.161</b>
Табыс салығы бойынша шығыс	18	(165.567)	(78.180)
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>77.499.352</b>	<b>27.284.981</b>
<b>Басқа да жиынтық кіріс/(зиян)</b>		<b>12.683</b>	<b>(3.594)</b>
<b>Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>77.512.035</b>	<b>27.281.387</b>
Акцияға шаққандағы бір жылғы пайда (қазақстандық теңгемен)	23	10.963	4.050

Басшылық атынан 2026 жылғы 3 наурызда кол қойылды.

Алмасби Низаматдинович Камалов

Сауле Бекзадаевна Тулекова

Экономика, Қаржы және Цифрландыру жөніндегі  
Басқарушы директор«Бухгалтерлік және Салық есебі» департаментінің  
директоры - Бас бухгалтер

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың қазақстандық теңгемен	Ескер.	Акционерлік капитал	Басқа да резервтік капитал	(Өтелмеге залал) Бөлінбеге пайда	Капитал жиыны
2024 жылғы 1 қаңтарға қалдық		443 567 998	89.366.359	(33.147.096)	499.787.261
Бір жылғы пайда		-	-	27.284.981	27.284.981
Басқа да жиынтық залал		-	(3.594)	-	(3.594)
Бір жылғы жиынтық (залал)/кіріс жиыны		-	(3.594)	27.284.981	27.281.387
Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт		-	1.345.613	-	1.345.613
Акциялар эмиссиясы	9	63.867.227	8.957.051	-	72.824.278
Дивидендтер	9	-	-	(20.565.903)	(20.565.903)
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға қалдық</b>		<b>507.435.225</b>	<b>99.665.429</b>	<b>(26.428.018)</b>	<b>580.672.636</b>
Бір жылғы пайда		-	-	77.499.352	77.499.352
Басқа да жиынтық кіріс		-	12.683	-	12.683
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		-	12.683	77.499.352	77.512.035
Акциялар эмиссиясы	9	31.473.042	-	-	31.473.042
Дивидендтер	9	-	-	(20.565.918)	(20.565.918)
<b>2025 жылғы 31 желтоқсанға қалдық</b>		<b>538.908.267</b>	<b>99.678.112</b>	<b>30.505.416</b>	<b>669.091.795</b>

Басшылық атынан 2026 жылғы 3 наурызда қол қойылды.

Алмасби Низаматдинович Камалов



Экономика, Қаржы және Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор

Сауле Бекзадаевна Тулекова

«Бухгалтерлік және Салық есебі» департаментінің директоры  
Бас бухгалтер

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Ескер</b>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		77.664.919	27.363.161
<b>Мыналарға түзетулер:</b>			
Дивидендтер бойынша кірістерге	13	(90.405.043)	(46.347.543)
Тозу және амортизацияға		591.847	503.865
Қаржылық шығыстар	17	25.940.569	21.417.812
Қаржылық кірістер	16	(30.133.200)	(15.853.545)
Теріс бағамдық айырма		16.736	5.188
Активтердің құнсызданудан болған зиян, нетто		6.610.385	5.416.034
<b>Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Тауар-материалдық қорларды өзгерту		(8.965)	(419)
Дебиторлық берешектің және басқа да қысқа мерзімді активтердің өзгеруі		177.926	(309.009)
Басқа да кредиторлық берешектің өзгеруі		(362.100)	548.455
Басқа да салықтар бойынша берешектің өзгеруі		(335.684)	(244.018)
<b>Операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты</b>		<b>(10.243.148)</b>	<b>(7.500.019)</b>
Төленген табыс салығы		(165.567)	(78.180)
Алынған дивидендтер		90.405.043	46.347.543
Төленген пайыздар	10	(15.746.460)	(9.397.512)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>		<b>64.249.868</b>	<b>29.371.832</b>
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы</b>			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(489.310)	(599.312)
Еншілес компаниялар мен ББҰ капиталына салым		(19.214.937)	(2.069.000)
ҚРҰБ ноттарын сатып алу		(172.756.542)	-
Эмитенттің ҚРҰБ ноттарын өткізуінен / өтеуінен түсетін түсімдер		132.892.132	-
Борыштық құралдарды сатып алу	6	(24.076.908)	(51.736.552)
Борыштық құралдарды өтеуден түскен түсімдер	6	40.347.310	12.136.828
Еншілес компанияларға берілген қарыздар мен қаржылық көмек	6	(103.320.513)	(14.848.282)
Еншілес компанияларға берілген қарыздар мен қаржылық көмекті өтеуден түсетін түсімдер	6	70.266.457	12.867.559
Басқа дебиторлық берешекті өтеуден түсетін түсімдер		35.048	335.325
Алынған пайыздар		23.768.056	11.490.794
<b>Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты</b>		<b>(52.549.207)</b>	<b>(32.422.640)</b>

6-40 бет аралығындағы қоса берілген ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ЕСЕП (жалғасы)**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Ескер.</b>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:</b>			
Қарыздар бойынша түсімдер	10	10.284	34.739.445
Қарыздарды өтеу	10	(35.051.424)	(5.620.863)
Кэш-пулинг бойынша түсім, нетто		9.545.000	35.390.176
Жалдау бойынша негізгі борышты өтеу		(469.967)	(420.149)
Акционерге төленген дивидендтер	9	(20.565.918)	(20.565.903)
Акциялар эмиссиясынан түскен түсімдер	9	31.473.042	4.137.000
<b>Қаржылық қызметте (пайдаланылған) / алынған таза ақша қаражаты</b>		<b>(15.058.983)</b>	<b>47.659.706</b>
Валюталарды айырбастау бағамы өзгерісінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(34.998)	(1.684)
Құнсыздану резервтеріндегі өзгеріс		(505)	(220)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза (азаяуы)/көбеюі</b>		<b>(3.393.825)</b>	<b>44.606.994</b>
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	8	62.290.766	17.683.772
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>8</b>	<b>58.896.941</b>	<b>62.290.766</b>

Басшылық атынан 2026 жылғы 3 наурызда қол қойылды.

Алмасби Низаматдинович Камалов



Экономика, Қаржы және Цифрландыру жөніндегі басқарушы директор

Сауле Бекзадаевна Тулекова

«Бухгалтерлік және Салық есебі» департаментінің директоры  
Бас бухгалтер

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР****2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

---

**1. КОМПАНИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ**

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2007 жылғы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылғы 10 мамырда тіркелді. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылды.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық-Қазына») Компанияның жалғыз акционері болып табылады, әрі оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкілікті бақылаушы иесі болып табылады.

**Негізгі қызмет**

Компания бірқатар компанияны біріктіретін холдинг компаниясы болып табылады (*5-ескертіме*), оның негізгі қызмет түрлері көмір, көмірсутектер, су ресурстары және жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - «ЖЭК») негізінде электр әрі жылу энергиясын және ыстық суды өндіру, халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға өткізу, электр энергиясын тасымалдау және электр энергиясын желіде техникалық бөлу, сондай-ақ гидроэлектростанциялардың мүліктік кешендерін жалға беру болып табылады.

**Қызметті жүзеге асыру мекенжайы мен орны**

Компанияның бас кеңсесінің заңды мекенжайы және қызметін жүзеге асыру орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 15А, Б блогы.

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ****Жеке қаржылық есептілікті дайындау негізі**

Осы жеке қаржылық есептілік бастапқы тану әділ құны бойынша жүзеге асырылатын қаржы құралдарын қоспағанда, сатып алудың бастапқы құны бойынша есепке алу қағидалары негізінде ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалды. Осы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы маңызды ақпарат төменде келтірілген. Бұл қағидалар, егер өзгеше көрсетілмесе, есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты дәйекті түрде қолданылды. Компания осы жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін дайындады.

Пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы Компанияның қаржылық жағдайы, операциялық қызметінің нәтижелері және тұтастай алғанда қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы толық ақпарат алу мақсатында 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

Жеке қаржылық есептілікті ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындау кейбір маңызды бухгалтерлік бағалауды қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық өз пікірлеріне сүйенуі керек. Бағалаудың немесе күрделіліктің неғұрлым жоғары дәрежесін болжайтын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ болжамдар мен бағалаулар жеке қаржылық есептілік үшін елеулі болып табылатын салалар *4-ескертімеде* көрсетілген.

**Шетел валютасын қайта есептеу***(i) Функционалдық валюта және жеке қаржылық есептілікті білдіру валютасы*

Егер өзгесі көрсетілмесе, осы жеке қаржылық есептілікте ұсынылған барлық сандық деректер мың теңгемен көрсетілген.

Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы функционалдық валюта болып табылады. Компанияның функционалдық валютасы теңге болып табылады.

*(ii) Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар*

Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар операциялар жасалған күндердегі ресми бағамдар бойынша функционалдық валютаға қайта есептелді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)***(ii) Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар (жалғасы)*

Осы операциялар бойынша есеп айырысулар нәтижесінде, сондай-ақ шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен жыл соңындағы айырбас бағамдары бойынша міндеттемелерді қайта есептеу нәтижесінде туындаған бағамдық айырмадан пайда немесе зиян пайдада немесе зиянда көрсетіледі.

2025 жылғы 31 желтоқсанға шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылатын ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 505,53 теңге болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 523,54 теңге).

Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу және бақылау қағидалары қолданылады.

Қазіргі уақытта теңге ҚР шегінен тыс еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

**Үздіксіз қызмет қағидаты**

Басшылық осы жеке қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде дайындады. Бұл жақын болашақта оның әдеттегі экономикалық қызметі барысында активтерді сатуды және міндеттемелерді өтеуді болжайды.

**Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар**

Осы жеке қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін мұндай инвестицияларды есепке алу кезінде Компания құнсыздануға арналған резервті шегере отырып бастапқы құн әдісін пайдаланады.

**Қаржы құралдары**

Бастапқы құн төленген ақша қаражатының немесе олардың баламаларының сомасын немесе сатып алу күніне активті иемдену үшін ұсынылған өзге өтемақының әділ құнын білдіреді және мәміле бойынша шығындар кіреді. Бастапқы құны бойынша бағалау тек нарықтық баға белгіленуі жоқ және әділ құны сенімді түрде бағалана алмайтын үлестік құралдарға жасалған инвестицияларға қатысты және ашық нарықта баға белгіленуі жоқ және мұндай үлестік құралдармен өтелетін үлестік құралдарға ғана байланысты болатын туынды құралдарға қатысты ғана қолданылады.

*(i) Қаржы активтері*

2025 жылғы 31 желтоқсанда және 2024 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның қаржы активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болып жіктелді.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар күтілетін кредиттік зияндар үшін бағалау резервін шегергендегі қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылады.

Компания бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік сападағы өзгерістер негізінде құнсыздануды есепке алудың «үш кезенді» моделін қолданады. Бастапқы тану кезінде құнсызданған болып табылмайтын қаржы құралы 1-кезеңге жатады деп жіктеледі. 1-кезеңнің қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік зияндар, егер ол 12 ай өткенге дейін («12 айлық күтілетін кредиттік зияндар») басталса, келесі 12 ай ішінде немесе шартқа сай өтеу күніне дейін орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын барлық мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндардың бір бөлігіне тең сомада бағаланады. Егер Компания бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін анықтаса, онда актив 2-кезеңге ауыстырылады, ал осы актив бойынша күтілетін кредиттік зияндар бүкіл мерзім ішінде, бірақ егер ол көзделген болса, күтілетін алдын-ала төлемді ескере отырып («бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар мерзімі») яғни шартқа сәйкес өтеу күніне дейін күтілетін кредиттік зияндар негізінде бағаланады. Егер Компания қаржы активі құнсызданған болып табылатындығын анықтаса, актив 3-кезеңге ауыстырылады және ол бойынша күтілетін кредиттік зияндар бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік зияндар ретінде бағаланады. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін күтілетін кредиттік зияндар әрқашан бүкіл мерзімде күтілетін кредиттік зияндар ретінде бағаланады.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Қаржы құралдары (жалғасы)***(i) Қаржы активтері (жалғасы)*

Компания, а) мұндай активтер өтелгенде немесе мұндай активтермен байланысты ақша ағындарына арналған құқықтардың қолданылу мерзімі өтіп кеткенде, немесе б) Компания қаржы активтерінен болған ақша ағындарына арналған құқықтарды басқаға бергенде немесе беру туралы келісімді жасағанда және бұл ретте і) сондай-ақ бұл активтерге иелік етумен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен сыйақыларды басқаға бергенде, немесе іі) бұл активтерге қатысты бақылау жасау құқығынан айырылғанда, қаржы активтерін және сақтамағанда, бірақ бұл активтерге қатысты бақылау жасау құқығынан айырылғанда, қаржы активтерін тануды тоқтатады. Егер контрагенттің активті байланысты емес үшінші тарапқа сатуға шектеулер енгізбестен толық сатуға іс жүзіндегі мүмкіндігі болмаса, бақылау сақталады.

*(ii) Қаржылық міндеттемелер*

Қаржылық міндеттемелерді тану олар өтелген жағдайда тоқтатылады (яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда немесе тоқтатылғанда немесе оның орындалу мерзімі аяқталғанда).

Борыштық құралдарды Компания мен оның бастапқы кредиторлары арасындағы айтарлықтай ерекшеленетін талаптармен айырбастау, сондай-ақ қолданыстағы қаржылық міндеттемелер талаптарының елеулі түрлендірулері бастапқы қаржылық міндеттемені өтеу және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде ескеріледі. Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алынған сыйақыларды шегергендегі барлық төленген сыйақыларды қоса алғанда, жаңа талаптарға сәйкес ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10%-ға өзгеше болса, талаптар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі. Сонымен қатар, басқа сапалық факторлар ескеріледі. Егер борыштық құралдармен алмасу немесе талаптарды түрлендіру өтеу ретінде есепке алынса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар өтеуден түскен пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер айырбастау немесе түрлендіру өтеу ретінде есепке алынбаса, барлық шығындар немесе төленген сыйақылар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде көрсетіледі және түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Міндеттемелердің оларды өтеуге әкеп соқпайтын түрлендірулері кумулятивтік амортизацияны кері санмен есептеу әдісі бойынша бағалау мәнінің өзгеруі ретінде ескеріледі, бұл ретте пайда немесе зиян, егер баланстық құнындағы айырмашылықтың экономикалық мазмұны меншік иелерімен капиталмен жасалатын операцияға жатпайтын болса, пайда немесе зиян құрамында көрсетіледі.

**Дебиторлық берешек**

Дебиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша, содан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген амортизациялық құны бойынша есептеледі.

**Ақша қаражаты мен оның баламалары**

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы ақша қаражаттары, ағымдағы банктік шоттардағы қаражат, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі 10 күннен аспайтын басқа банктермен сатып алу және кері сату шарттары («кері репо») кіреді. Ақша қаражаты мен оның баламалары амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі, өйткені (i) олар өтеу мерзіміне дейін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұсталады және бұл ақша ағындары тек негізгі қарыз бен пайыз есебінен төлемдер болып табылады және (ii) олар пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылмайды.

Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатының қалдықтары ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есепті жасау мақсатында ақша қаражаты мен оның баламалары құрамынан алынып тасталады.

Айырбастау операцияларына немесе есепті кезеңнен кейін кемінде он екі ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер белгіленген ақша қаражатының қалдықтары өзге де ұзақ мерзімді активтердің құрамына енгізіледі; үш айдан астам, бірақ есепті кезеңнен кейін он екі айдан аз уақыт ішінде пайдалану шектелген ақша қаражаты өзге қысқа мерзімді активтердің құрамына енгізіледі.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Акционерлік капитал**

Жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында салықтарды шегергендегі түсімдер сомасынан шегерімдер ретінде көрсетіледі. Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен акциялардың әрбір жеке шығарылымы кезінде әрбір акцияның құны, сондай-ақ заңнамаға сәйкес акциялардың саны айқындалады. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы капиталда эмиссиялық кіріс ретінде бейнеленеді.

**Басқа да резервтік капитал**

Өзге де резервтік капитал акционерден алынған қарыздарды нарықтық емес талаптарда бастапқы танудан түскен кірісті және акционермен операциялардың өзге де нәтижелерін, сондай-ақ өзге де жиынтық кірісті/залалды қамтиды.

Негізгі құралдар объектілерін, ақша қаражатын және басқаларын қоса алғанда, акционердің өкімі бойынша шығындардың жұмсалуды немесе активтердің бөлінуі капиталдағы бөлінбеген пайдада «Акционерге өзге де бөлу» ретінде танылады.

**Акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның баланстық құны**

Акцияға шаққандағы базалық пайда Компания акционерінің үлесіне келетін пайданың бір жыл ішінде орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда бөлінген әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы бөлінген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді (*23-ескерту*). «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес жеке қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс.

**Қарыздар мен облигациялар**

Қарыздар мен облигациялар бастапқыда әділ құны бойынша, мәміле бойынша жұмсалған шығындарды шегергенде, содан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Нарықтық емес талаптарда акционерден алынған қарыздарды есепке алу кезінде Компания капиталда бастапқы танудан түскен кірісті/(залалды) көрсетеді. Операцияның экономикалық мәнін көрсететін есепке алу тәртібі барлық ұқсас операцияларға дәйекті түрде қолданылады және жеке қаржылық есептілікте ашылып көрсетіледі.

Мақсаты бойынша немесе сату үшін пайдалануға дайындау міндетті түрде қомақты уақытты қажет ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты жалпы және нақты мақсаттарға тартылған қарыздар мен облигациялар бойынша шығындар (белгілі бір талаптарға жауап беретін актив) осындай актив құнының құрамына кіреді.

**Қаржылық кепілдік**

Компания ұсынатын қаржылық кепілдіктер, егер дебитор борыштық құралдың бастапқы немесе түрлендірілген талаптарына сәйкес уақтылы төлем жасай алмаған жағдайда туындайтын залалдың өтемақысы ретінде төлемдерді жүзеге асыруды көздейді. Мұндай қаржылық кепілдіктер бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі, бұл әдетте алынған комиссия сомасына тең болады. Компания сыйлықақысыз немесе нарықтық сыйлықақыдан өзгеше сыйлықақысы бар кепілдіктер берген кезде әділ құн бағалау әдістерін қолдану арқылы айқындалады (мысалы, мұндай құралдардың нарықтық құны, пайыздық мөлшерлеменің дифференциалдары және т.б.). Компания қаржылық кепілдіктердің әділ құнын айқындау үшін кредиттік своптар әдісін қолданады. Қаржылық кепілдік міндеттемесінің әділ құны қарыздың кепілдік берілген сомасын, пайыздық мөлшерлемені және тәуекел көрсеткіштерін ескере отырып есептеледі. Қаржылық кепілдік бойынша міндеттемелерді бастапқы тану кезіндегі залалдар еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар құрамындағы қаржылық жағдай туралы есепте танылады. Қаржылық кепілдік бойынша міндеттеменің амортизациясы кепілдік мерзімі ішінде тікелей әдісті пайдалана отырып есептеледі және тиісті кірістер қаржылық кірістердің құрамында көрсетіледі. Қаржылық кепілдіктер бойынша шығындарға бағалау резервінің сомасын айқындау тәртібі берілген қарыздардың және борыштық құралдарға инвестициялардың құнсыздануын айқындау тәртібіне ұқсас келеді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ ЖӘНЕ ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)****Кредиторлық берешек**

Кредиторлық берешек қарсы агенттің өзінің шарттық міндеттемелерін орындау фактісі бойынша есептеледі. Кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыз мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша ескеріледі.

**Табыс салығы**

Осы жеке қаржылық есептілікте табыс салығы есепті кезең соңына қолданылатын не болмаса іс жүзінде күшіне енген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген.

Ағымдағы салық бюджетке төленуі немесе ағымдағы әрі өткен кезеңдер үшін салық салынатын пайдаға немесе зиянға қатысты мемлекеттік бюджеттен өтелуі болжанған соманы білдіреді.

**3. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР**

Жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есеп саясатына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауды пайдаланып, жорамалдар жасайды. Іс жүзіндегі нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін. Табыс салығы бойынша провизияларды есептеуді және жаңа әрі өзгертілген стандарттарды қабылдауды қоспағанда, 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға қолданылатын негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

**Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы*****Инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату***

Компания басшылығы «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС (бұдан әрі - «Екібастұз 1-МАЭС»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «АЖК») еншілес компанияларға инвестициялардың және «Екібастұз 2-МАЭС» АҚ (бұдан әрі «Екібастұз 2-МАЭС») бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздану белгілеріне талдау жүргізді. Талдау «Активтердің құнсыздануы» 36 ҚЕХС (IAS) талаптарына сәйкес жүргізілді.

Құнсыздану белгілерін талдау кезінде пайдаланылған негізгі фактілер мен жорамалдар мыналар болып табылады:

- Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясына шекті тарифтерді Энергетика министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы №42-н/қ бұйрығымен енгізілген және 2025 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілген өзгерістерге байланысты 15-19% мөлшерінде ұлғайту;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 126-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 6 қарашадағы № 154-НҚ «Тарифтердің шекті деңгейлерін бекіту туралы» бірлескен бұйрығына енгізілген өзгерістерге және 2021-2025 жылдарға арналған электр энергиясын беру бойынша АЖК реттелетін қызметіне тарифтік сметаға сәйкес, тарифтердің үнемі өсу серпінділігі сақталып отыр. Атап айтқанда, 2025 жылғы 1 сәуірден бастап электр энергиясын беру тарифі 10,6 теңгеден/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) 12,96 теңгеге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) дейін, 2025 жылғы 1 тамыздан бастап - 14,25 теңгеге/кВт·сағ (ҚҚС-сыз) дейін, 2025 жылғы 1 қазаннан бастап - 13,99 теңге/кВт сағ дейін (ҚҚС-сыз);
- Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі активтердің өтелетін құнына елеулі әсер етпейді, өйткені қарыздық қаржыландыру мөлшерлемесінің ұлғаюы электр энергиясына шекті тарифтерді, сондай-ақ ҚР Энергетика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығымен бекітілген теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданы бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесіне сәйкес шекті тарифтер қолданысының келесі кезеңінде пайда нормасын есептеу кезінде WACC мөлшерлемесінде ұқсас түрде көрініс табады, сондай ақ тарифтің шығыс бөлігіне алдыңғы кезеңдегі сыйақылар бойынша шығыстар енгізіледі;

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****3. ЕСЕП САЯСАТЫН ҚОЛДАНУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ПАЙЫМДАУЛАР (жалғасы)****Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)*****Инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату (жалғасы)***

- Инфляция мөлшерлемелерінің өзгеруі айтарлықтай әсер етпейді, өйткені тарифтің шығын бөлігіне өткен жылғы нақты инфляцияны ескере отырып шығыстар қосылады. «Табиғи монополиялар туралы» 2022 жылғы 30 желтоқсандағы ҚРЗ № 177-VII енгізілген қосымша өзгерістер электр энергиясын беру мерзімінің аяқталуына дейін бес жылдық кезеңге бекітілген тарифтерді түзету үшін қосымша талаптарды көздейді (ұлттық жобаларды іске асыруға байланысты бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту, желілерді балансқа не сенімгерлік басқаруға қабылдау, орташа айлық номиналды жалақының өзгеруі);
- 2023 жылғы 1 шілдеден бастап электр энергиясын өткізу нарығының жаңа нысаналы моделін енгізу еншілес Компанияларының электр станцияларының кірісіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. БРЭ-де теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі (АРЧМ мен реттеудегі өтінімдерді есепке алмағанда) көтерме нарықта электр энергиясын сатудың 1%-дан сәл астамын құрайды, бұл шамалы ауытқу болып табылады. Сонымен қатар, АРЧМ қолдану және өтінім беру арқылы БРЭ-де электр энергиясын сатуды жүзеге асыратын Топтың станциялары осы нарықтағы теңгерімсіздік бағасының әсерін едәуір дәрежеде теңестіреді;
- Еншілес компаниялар үшін есепті кезең ішінде орын алған немесе жақын болашақта болжамды орын алуы мүмкін қолайсыз салдары бар едәуір өзгерістердің болмауы;
- Қазақстан Республикасының солтүстік және оңтүстік аймақтарында орта мерзімді перспективада электр энергиясына сұраныстың болжамды өсуі.

***Еншілес компанияларға инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау нәтижелері - көмір негізіндегі электр және жылу энергиясын өндіру, электр энергиясын беру және тарату***

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жасалған талдаудың нәтижесінде Компания басшылығы талдау жасау күніне құнсыздану белгілері жоқ деген тұжырымға келді.

**Кэш-пулинг операциялары**

2024 жылғы 10 мамырдан бастап Компанияда физикалық Кэш-пулинг процесі басталды. Пулға қатысушылар: «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Шардара ГЭС» АҚ (бұдан әрі – «ШГЭС»), «Бұқтырма ГЭС» АҚ (бұдан әрі - «БГЭС»), «Мойнак ГЭС» АҚ (бұдан әрі – «МГЭС»), «Energy Solutions Center» ЖШС (бұдан әрі – «ESC»), «Qazaq green power» ӨК (бұдан әрі – «QGP»), «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС (бұдан әрі – «БЖЭС»), «Samruk Green Energy» ЖШС (бұдан әрі – «SGE»), «Өскемен ГЭС АЭС» ЖШС, «Шүлбі ГЭС АЭС» ЖШС. Кэш-пулингті ұйымдастыру шеңберінде жоғарыда аталған еншілес ұйымдармен кері қаржылық көмек желілерін ашу туралы келісімдер және кері кредиттік желілерді ашу туралы келісімдер жасалды. Кэш-пулинг банкте ашылған пулға қатысушылардың ағымдағы шоттары мен пулға қатысушылардың ақша қаражаттарын шоғырландыру жүзеге асырылатын Компанияның Мастер-шоты арасындағы ақша қаражатының нақты қозғалысын қамтиды. Бұл өнім ақша қаражатын тиімді қайта бөлуді, ақша ағындарын орталықтандырылған басқаруды және Компания мен «Самұрық-Энерго» АҚ тобының контрагенттерімен шарттар бойынша міндеттемелердің уақтылы және тиісінше орындалуын қамтамасыз етеді. Қаржылық көмектің кері желілері шеңберіндегі сыйақы мөлшерлемесі 0,01%-ды құрайды. Осы тетік шеңберінде алынған қаржылық көмек пулға қатысушыларға талап ету бойынша берілген (мастер-шотқа аударылған) қаржылық көмекті қажетіне қарай мерзімінен бұрын қайтаруды сұрату құқығын береді. Осыған байланысты басшылық басқа қысқа мерзімді қаржы активтері мен міндеттемелердің құрамында номиналды құны бойынша қаржы активтері мен кэш-пулинг міндеттемелерін есепке алуды негізді деп санайды.

Реверсивті кредит желілерін ашу туралы келісімдер шеңберінде ақша қаражаты «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-не берілді. Реверсивті кредит желілері бойынша сыйақының пайыздық мөлшерлемесі «ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі + 1%» құрайды. Берілген қарыз қысқа мерзімді қаржы активі ретінде жіктеледі, өйткені оның өтеу мерзімі бір жылдан аз.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРПЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛАР**

Байланысты тараптардың анықтамасы «*Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету*» 24 ҚЕХС-те көрсетілген. Егер тараптардың бірінің басқасын бақылау мүмкіндігі болса, жалпы бақылау астында болса немесе басқа тараптың қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдауы кезінде айтарлықтай ықпал ете алса немесе бірлескен бақылау жасай алса, тарап әдетте байланысты болып есептеледі. Тараптардың байланыстылығы туралы мәселені шешу кезінде олардың заңды нысаны ғана емес, тараптардың өзара қарым-қатынастарының сипаты да ескеріледі. Бас компания және Компанияның түпкі бақылаушы жағы *1-ескертеде* көрсетілген.

Байланысты тараптарға Самұрық-Қазына бақылауындағы компаниялар кіреді. Мемлекеттік компаниялармен операциялар, егер олар барлық қоғамдық және жеке компанияларға дәйекті қолданылатын талаптарға сәйкес әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, ашылмайды i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) егер Компанияның қызметтері барлық тұтынушыларға қолжетімді стандартты талаптарда көрсетілсе немесе iii) электр энергиясын беру, телекоммуникациялық қызметтер және т. б. сияқты қызметтерді жеткізушіні таңдау болмаған жағдайда.

Компания мемлекеттің қатысуы бар көптеген ұйымдарға тауарларды сатып алуды және жеткізуді жүзеге асырады. Мұндай сатып алулар мен жеткізілімдер жеке-жеке аз мөлшерде болады және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен болған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындар</b>
Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар	-	4.328.221	26.953.055	40.263.011
Алынуға жататын берілген қарыздар бойынша сыйақылар	-	10.004	5.987.977	-
Дебиторлық берешек	-	-	6.673	-
Алынатын дивидендтер	-	-	39.178.675	-
Кредиторлық берешек	-	(167.196)	(43.196.863)	-
<b>Қарыздар мен облигациялар</b>	<b>(119.103.176)</b>	<b>-</b>	<b>(15.150.750)</b>	<b>-</b>

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсанда байланысты тараптармен болған операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар	16.996.368	-	59.183.127
Дебиторлық берешек	-	-	1.438
Алынуға жататын берілген қарыздар бойынша сыйақылар	807.278	-	3.279.904
Алынатын дивидендтер	-	-	550
Кредиторлық берешек	-	(762.060)	(35.700.209)
<b>Қарыздар мен облигациялар</b>	<b>(120.043.609)</b>	<b>-</b>	<b>(17.355.714)</b>

Төменде 2025 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>	<b>Мемлекеттік кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	129.355.118	-
Қаржылық кірістер	2.416.688	-	14.059.910	2.110.358
Қаржылық шығыстар	(15.502.704)	(14.937)	(1.664.788)	-
Активтердің құнсыздану шығыстары, (нетто)	3.632	-	1.852.304	-
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар</b>	<b>-</b>	<b>(390.796)</b>	<b>(1.150.959)</b>	<b>-</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****4. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР МЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**

Төменде 2024 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Акционер</b>	<b>Жалпы бақылаудағы компаниялар</b>	<b>Еншілес және бірлескен кәсіпорындар</b>
Дивидендтер бойынша кірістер	-	-	46.347.543
Қаржылық кірістер	807.278	-	9.318.493
Қаржылық шығыстар	(10.855.354)	(49.067)	(2.434.282)
Активтердің құнсыздану шығыстары, (нетто)	(3.632)	-	(2.112.431)
Жалпы және өкімшілік шығыстар	-	(1.343.454)	(925.129)

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы көрсетілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Негізгі басқарушы персонал - шығыстар	<b>(658.430)</b>	(337.311)
Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері - шығыстар	<b>(49.873)</b>	(47.281)
Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері - міндеттеме	<b>(9.205)</b>	(8.668)

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы жұмыскерлердің жалақысын, сыйлықақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйақыларын және тәуелсіз директорларға – Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақыны білдіреді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 7 адамнан тұрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 7 адам). Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің мүшелері 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 адам (2024 жылғы 31 желтоқсан: 4 адам).

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****5. ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялардың құны туралы ақпарат көрсетілген:

	Сатып алу күні	Тіркелген елі	2025 жылғы 31 желтоқсан		2024 жылғы 31 желтоқсан	
			Инвестицияның құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі	Инвестицияның құны (мың теңгемен)	Иелік ету үлесі
<b>Еншілес ұйымдар</b>						
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС	31.10.2012	Қазақстан	331.003.748	100%	331.003.748	100%
«Алматы электр станциялары» АҚ	26.07.2011	Қазақстан	149.367.163	100%	135.943.905	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	29.07.2009	Қазақстан	68.721.070	100%	68.686.022	100%
«АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС	02.05.2024	Қазақстан	-	-	39.442.644	100%
Qazaq Green Power PLC	04.11.2022	Қазақстан	110.270.094	100%	37.219.944	100%
«АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС	02.05.2024	Қазақстан	-	-	29.244.634	100%
«Шардара ГЭС» АҚ	03.06.2011	Қазақстан	-	-	2.524.772	100%
«Бұқтарма ГЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	-	-	1.838.100	96,3%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	-	100%	1.867.846	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС-тің филиалы «Ортақ қызмет көрсету орталығы»	16.03.2019	Қазақстан	126.105	100%	121.105	100%
<b>Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар</b>						
Forum Muider Limited	13.08.2024	Қазақстан	-	35%	41.759.543	50%
«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	5.410.702	50%	5.410.702	50%
«Көкшетау ЖЭО» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	9.587.200	50%	2.069.000	50%
«Өскемен-Энерго» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	123.212	50%	-	50%
«Семей-Энерго» ЖШС	24.06.2024	Қазақстан	319.290	50%	-	50%
<b>Құнсызданған инвестициялар</b>						
«Балқаш ЖЭС» АҚ	24.06.2008	Қазақстан	32.085.280	100%	32.085.280	100%
«Ereymentau Wind Power» ЖШС	28.05.2016	Қазақстан	9.253.541	100%	9.253.541	100%
«Шүлбі ГЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	-	-	1.230.658	92,14%
«Өскемен ГЭС» АҚ	04.01.2008	Қазақстан	465.019	89,99%	465.019	89,99%
«Energy Solutions Center» ЖШС	16.03.2019	Қазақстан	4.779.290	100%	-	100%
Шегергенде:						
Инвестициялардың құнсыздануы			(46.583.130)		(43.034.498)	
<b>Еншілес компанияларға және бірлесіп бақыланатын және қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялардың жиыны</b>			<b>674.928.584</b>		<b>697.131.965</b>	

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**5. ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдар**

2025 жылғы 30 қаңтарда Компания QGP-ға «Өскемен ГЭС АЭС» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-на, «Шүлбі ГЭС АЭС» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-на, сондай-ақ «Шардара ГЭС» АҚ-ның жай акцияларының 100%-на меншік құқығын берді. Есепті кезеңде Компания еншілес ұйымды тарату рәсімінің аяқталуына байланысты «Шүлбі ГЭС» АҚ-ға инвестициялар сомасының есептен шығарылуын таныды. Есептен шығару сомасы 1.230.658 мың теңгені құрады.

2025 жылғы 26 қыркүйекте QGP-да Компания «Бұқтырма ГЭС» АҚ акцияларының 96,3%-на меншік құқығы берілді.

*«Алматы электр станциялары» АҚ*

2025 жылғы 3 шілдеде «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ жарғылық капиталын 11.454.234 мың теңге мөлшерінде толықтыру жүзеге асырылды.

**Бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар**

2025 жылғы 31 желтоқсанда Компанияның келесі бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда иелік ету үлесі бар:

- Екібастұз 2-МАЭС станциясы – 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі;
- «Көкшетау ЖЭО» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі;
- «Өскемен Энерго» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі;
- «Семей Энерго» ЖШС - 50%. Қалған 50% иелік ету үлесі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі;
- Forum Muider – 35%. Қалған акционерлер Miradore Enterprises Limited (35%) және Primet LLC (30%) болып табылады.

*«Көкшетау ЖЭО» ЖШС*

2025 жыл ішінде Компания «Көкшетау қаласында ЖЭО құрылысы» инвестициялық жобасын іске асыру шеңберінде 7.518.200 мың теңге жалпы сомаға «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жарғылық капиталына жарналарды жүзеге асырды.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**5. ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСІП БАҚЫЛАНАТЫН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Сатуға арналған активтер**

2025 жыл ішінде Forum Muider Limited компаниясы қосымша эмиссия шеңберінде жаңа инвестордың (бұдан әрі – Инвестор) пайдасына 7.779 акция шығарып, орналастырды. Нәтижесінде, 2025 жылғы 24 қыркүйектен бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Forum Muider Limited акционерлік капиталындағы үлесі 50%-дан 35%-ға дейін төмендеді. Сол сияқты Miradore Enterprises Limited (РУСАЛ) үлесі 50%-дан 35%-ға дейін төмендеді. Қосымша эмиссияның қорытындысы бойынша Forum Muider Limited акционерлері: «Самұрық-Энерго» АҚ – 35%, Miradore Enterprises Limited (РУСАЛ) – 35%, Инвестор – 30%.

2025 жылғы 30 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен Инвестор арасында Forum Muider Limited акционерлік капиталындағы Топтың қалған 35% үлесін сату бойынша шарт («Шарт») жасалды. Шартта бірқатар кейінге қалдырылатын талаптар бар, олардың бірі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның, Forum Muider Limited-тің, Инвестор мен «Богатырь Көмір» ЖШС-тің және өзге де тиісті тараптардың (егер бар болса) Акционерлердің 2025 жылғы 24 қыркүйектегі келісімінің тәртібі мен тармақтарына сәйкес және Міндеттемелерді қабылдау туралы шарттың (Deed of undertaking) талаптарына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ және Miradore Enterprises Limited («Богатырь Көмір» ЖШС және Forum Muider Limited деңгейінде өткен кезеңдердегі дивидендтер) пайдасына дивидендтерді жариялаудың және төлеудің құқықтық тетігі туралы Міндеттемелерді қабылдау туралы шартқа (Deed of undertaking) қол қоюы болып табылады. Басшылық кейінге қалдырылатын талаптар орындалады және Топтың Forum Muider Limited акционерлік капиталындағы қалған 35% үлесін сату 2026 жылы аяқталады деп есептейді.

Тиісінше, 2025 жылғы 31 желтоқсанға Top Forum Muider Limited-ке инвестицияны сатуға арналған актив ретінде жіктелді. 2025 жылғы 31 желтоқсанға сатуға арналған активтің балансы 41.759.543 мың теңге болды.

**Құнсызданған инвестициялар***«Energy Solutions Center» ЖШС*

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания «Energy Solution Center» ЖШС инвестициясының баланстық құнының «Energy Solution Center» ЖШС таза активтерінен асып кетуіне байланысты «Energy Solution Center» ЖШС инвестициясының құнсыздануына 4.779.290 мың теңге сомасында резерв есептеді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Өтеу күні</b>	<b>Тиімді сыйақы мөлшерлемесі</b>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>
<i>Ұзақ мерзімді бөлік</i>				
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің облигациялары	2029 жылғы қыркүйек	16,25%	<b>19.105.104</b>	27.789.242
«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз	2027 жылғы маусым	18,64%	<b>18.712.579</b>	5.297.985
«Алматы электр станциялары» АҚ-ның облигациялары	2028 жылғы қараша	TONIA+1%	<b>18.076.909</b>	-
«Шардара ГЭС» АҚ-ның облигациялары	2028 жылғы мамыр	13%	<b>3.900.000</b>	6.800.000
«Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ-ның облигациялары	2026 жылғы маусым	11%	-	4.500.000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на берілген қарыз	2026 жылғы маусым	6%	-	1.963.588
«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз	2027 жылғы тамыз	16,7%	<b>279.950</b>	376.624
«First Heartland Jusan Bank» АҚ-ның (бұрынғы - «Цеснабанк» АҚ) облигациялары	2034 жылғы қаңтар	0,01%	<b>48.414</b>	43.048
Минусы: құнсыздану резерві	-	-	<b>(102.161)</b>	(169.585)
<b>Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны - ұзақ мерзімді бөлік</b>			<b>60.020.795</b>	<b>46.600.902</b>
<i>Қысқа мерзімді бөлік</i>				
«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ қысқа мерзімді ноттары			<b>40.263.011</b>	-
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары	2025 жылғы қараша	ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі 8%-дан 17,5%-ға дейін	-	17.000.000
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-не берілген қарыздар	Қол қойылған күннен бастап 12 ай		<b>9.731.246</b>	9.654.646
«Алматы электр станциялары» берген қарыз	2028 жылғы қараша	TONIA+1%	<b>7.650.000</b>	-
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің облигациялары	2029 жылғы қыркүйек	16,25%	<b>6.947.310</b>	5.210.483
«Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ-ның облигациялары	2026 жылғы маусым	11%	<b>4.500.000</b>	7.500.000
Екібастұз 2-МАЭС станциясына берілген қарыз	Міндеттемелер толық орындалғанға дейін	14,5%	<b>4.218.221</b>	-
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	-	-	<b>5.274.852</b>	2.938.053
«Ereumentau Wind Power» ЖШС-не көрсетілген қаржылық көмек	Қол қойылған күннен бастап 12 ай	0%	<b>4.100.000</b>	4.100.000
Облигациялар бойынша есептелген сыйақылар	-	-	<b>642.377</b>	1.161.723
«Шардара ГЭС» АҚ-ның облигациялары	2028 жылғы мамыр	13%	<b>2.900.000</b>	2.900.000
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на берілген қарыз	2026 жылғы желтоқсан	6%	<b>2.275.546</b>	-
«Балқаш ЖЭС» АҚ-на берілген қарыз	2017 жылғы қараша	13%	<b>377.301</b>	377.301
«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз	2027 жылғы қараша	16,5%	<b>261.213</b>	-
«Семей Энерго» ЖШС-не берілген қарыз	Міндеттемелер толық орындалғанға дейін	ҚРҰБ+1% қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	<b>110.000</b>	-
«Өскемен ГЭС» АҚ-на көрсетілген қаржылық көмек	2012 жылғы желтоқсан	0%	<b>30.390</b>	30.390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-на берілген қарыз	2012 жылғы наурыз	0%	<b>5.442</b>	5.442
Минусы: құнсыздану резерві	-	-	<b>(19.241.379)</b>	(17.156.847)
<b>Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны - қысқа мерзімді бөлік</b>			<b>70.045.530</b>	<b>33.721.191</b>
<b>Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға инвестициялар жиыны</b>			<b>130.066.325</b>	<b>80.322.093</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

Қарыздар бойынша күтілетін кредиттік зияндар резервіндегі өзгерістер және борыштық құралдарға инвестициялар былайша берілген:

*Мың қазақстандық теңгемен*

<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>15.177.150</b>
Есептелгені	2.075.947
Қалпына келтірілгені	(96.250)
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>17.156.847</b>
Есептелгені	<b>2.172.479</b>
Қалпына келтірілгені	<b>(341.385)</b>
<b>2025 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>19.241.379</b>

*«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ ноттары*

2025 жыл ішінде Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарына инвестициялар салды, олар есепті күні Компанияның қаржы активтерінің құрамында көрсетіліп, амортизацияланған құн бойынша ескеріледі. Ноттар бойынша кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, қаржылық кірістердің құрамында танылады.

*«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» АҚ-ның облигациялары*

2024 жылғы 25 қыркүйекте Компания айналыс мерзімі 5 жыл және жылдық 16,25% тіркелген мөлшерлеменен АІХ-те 34.736.552 мың теңге сомасына шығарылған «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-тің ұзақ мерзімді облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды.

2025 жылғы 7 тамызда 16,25% тіркелген мөлшерлемесі бар облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% Маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге өзгертілді.

*«Алматы электр станциялары» АҚ-ның облигациялары*

2025 жылғы 19 қарашада Компания АІХ-та Компания тобы үшін Өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 18,076,909 мың теңге сомасына, айналыс мерзімі 13 жыл және жылдық Compounded +1% TONIA (Tenge OverNight Index Average) купондық мөлшерлемесімен шығарылған «Алматы электр станциялары» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар «Алматы электр станциялары» АҚ-ның «Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» жобасын іске асыруға тартылған қарыздары бойынша шығыстарды қаржыландыру / өтеу мақсатында сатып алынды.

*«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ облигациялары*

2025 жылы Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қысқа мерзімді облигацияларын 1 жылға дейінгі мерзіммен 17.000.000 мың теңге жалпы сомаға сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0,75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орта деңгейі ретінде есептеледі. 2025 жыл ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ аталған облигацияларды толық өтеді.

2025 жылғы 4 маусымда Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қысқа мерзімді облигацияларын 2025 жылдың соңына дейінгі мерзіммен 6.000.000 мың теңге жалпы сомаға сатып алды. Сыйақының купондық мөлшерлемесі, 0,75% мөлшерінде тіркелген маржаны шегере отырып, ҚРҰБ купондық кезең ішінде белгілеген базалық мөлшерлемелердің орташа мәні ретінде есептеледі. 2025 жыл ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ аталған облигацияларды толық өтеді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)***«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз*

2024 жылғы 10 шілдеде Компания мен «Energy Solutions Center» ЖШС (бұдан әрі – ESC) арасында «Екібастұзтеплоэнерго» ЖШС-не қажетті ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге 4.798.554 мың теңгеден аспайтын мөлшерде №ДЗ-35 Қарыз шартына қол қойылды. 2024 және 2025 жылдар ішінде бірқатар қосымша келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде қарыздың ең жоғары қолжетімді сомасы 31.549.525 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. 2025 жылдың ішінде Компания ESC-ке 14.783.479 мың теңге сомасында қарыздар берді. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 7%. Қарыздың берілу мерзімі 2027 жылғы 15 шілдеге дейін. Қарыздар қамтамасыз етудің беріледі.

2024 жылғы 17 маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес ұйымы, «Energy Solutions Center» ЖШС мен «Екібастұз қаласы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» ММ арасында үш жыл мерзімге мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру туралы шарт жасалды. Шарт талаптарына сәйкес Екібастұз ЖЭО мүліктік кешені (ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар) «Energy Solutions Center» ЖШС-не сенімгерлік басқаруға берілді.

*«Energy Solutions Center» ЖШС-не берілген қарыз (жалғасы)*

Сенімгерлік басқару шартының талаптары берілген мүлікті пайдаланғаны үшін төлемдерді көздемейді. Шарт талаптарына сәйкес «Energy Solutions Center» ЖШС өз қаражаты есебінен қажетті ағымдағы және күрделі жөндеулер жүргізуді қоса алғанда, халықты үздіксіз жылумен қамтамасыз ететін мүліктік кешенді тиімді басқаруды жүзеге асыруға, оны лайықты техникалық жай-күйде ұстауға міндеттенеді. Тиісінше, Топ осы шарт бойынша пайдалану құқығы түріндегі активті мойындамады.

Шартты жасау нәтижесінде «Energy Solutions Center» ЖШС табиғи монополия субъектісі мәртебесіне ие болды және жылу энергиясын өндіру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Мүліктік кешенді СБШ-қа беру күніне ЕЖЭО-нің негізгі құралдарының бастапқы құны 6,8 млрд теңгені құрады. Кейінгі кезеңдерде Компания күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың қалдық құны шамамен 17 млрд теңгеге, ал есептелген амортизация 2,3 млрд теңгеге ұлғайды.

Бұл ретте, ЕЖЭО мүліктік кешені Екібастұз қаласы әкімдігінің балансында болғандықтан, Компанияның күрделі жөндеуге жұмсаған шығыстары жылу энергиясын өндіруге арналған тарифке енгізілуге жатпайды.

2026 жылғы ақпанда мемлекеттің жарғылық капиталға 100% қатысуымен «Екібастұз Жылу» ЖШС құру жөніндегі Жол картасы бекітілді. Құжат іс-шаралар кешенін іске асыруды, оның ішінде қала әкімдігінің тиісті қаулысын қабылдауды, серіктестікті мемлекеттік тіркеуді, жылу энергиясын өндіру жөніндегі объектілерді бағалауды, сондай-ақ оларды кейіннен құрылатын компанияның жарғылық капиталына енгізуді көздейді.

Аталған шараларды іске асыру тарифте негізгі құралдарды ұстауға және жөндеуге арналған шығыстарды, амортизациялық аударымдарды ескеруге, сондай-ақ кейіннен оны іске асыруға арналған шығындарды тарифке енгізе отырып, инвестициялық бағдарламаны қалыптастыруға және бекітуге мүмкіндік береді. Бұл нақты шығыстарды жабуға және мүліктік кешенді қалпына келтіруге бағытталған экономикалық негізделген тарифті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

*«Шардара ГЭС» АҚ-ның облигациялары*

2021 жылғы 26 қарашада Компания айналыс мерзімі 6 жарым жыл және жылдық 13% купондық мөлшерлеменен АІХ-те 18.400.000 мың теңге сомасына шығарылған «Шардара ГЭС» АҚ облигацияларын сатып алды. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% Маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 13%-дан қайта қаралды. Облигациялар «Шардара ГЭС» АҚ-ның Еуропалық қайта құру және даму банкінің алдындағы қарыздарын қайта қаржыландыру мақсатында сатып алынды.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)***«Мойнақ ГЭС» АҚ-ның облигациялары*

2019 жылғы 18 маусымда «У.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС» АҚ (бұдан әрі - «МГЭС») жылдық 11% пайыздық мөлшерлеменен 1,000 теңгенің номиналды құны бойынша 47.000.000 дана мөлшерінде купондық облигациялар шығарды және орналастырды. Облигациялар Қытайдың Мемлекеттік банкі алдындағы қарызды қайта қаржыландыру мақсатында шығарылды. Облигациялардың айналыста болу мерзімін 7 жылды құрайды. Облигациялар Astana International Exchange (AIX) қамтамасыз етудің шығарылды және оны Компания сатып алды. 2023 жылы МГЭС сатып алынған купондық облигацияларды қайта сатты, оларды Компания облигациялар шығарудың бекітілген талаптарына сәйкес номиналды құны 1,000 теңге бойынша 1,500.000 дана көлемінде сатып алды. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі + 2% Маржа» формуласы бойынша есептелетін өзгермелі мөлшерлемеге 11%-дан қайта қаралды.

*«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-на берілген қарыз*

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа да объектілерді салуға және реконструкциялауға 7.000.000 мың теңге көлемінде қарыз берді. 2024 жылғы 19 қаңтарда Компания тоқсанына бір рет төленетін жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 2026 жылы өтеуді ескере отырып, қарызды өтеу кестесін өзгерту бойынша кредиттік шартқа №2 қосымша келісім жасасты. Компания бастапқы қаржы активін мойындауды тоқтатты және жаңа активті әділ құны бойынша мойындады. Бастапқы тану күніндегі қарыздың әділ құны мен оның номиналды құны арасындағы айырманың шамасы 1.109.853 мың теңге сомасында активті тану күніндегі «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосымша инвестициялар ретінде танылды. Дисконттау мөлшерлемесі - 19%.

*«Алматы электр станциялары» АҚ-на берілген қарыз*

2018 жылғы 27 қарашада Компания мен «Алматы электр станциялары» АҚ (бұдан әрі – АлЭС) арасында айналым қаражатын толықтыруға, сондай-ақ тараптар келіскен өзге де мақсаттарға 3.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде реверсивті кредит желісін ашу туралы келісімге қол қойылды. 2019 және 2025 жылдар аралығында бірқатар қосымша келісімдерге қол қойылды, нәтижесінде лимит сомасы 15.000.000 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Сыйақы мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне плюс жылдық 1% (бір пайыз) тең. 2025 жылдың ішінде Компания АлЭС-ке 7.650.000 мың теңге сомасында қарыздар берді.

*«Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ-на берілген қарыз*

2025 жылғы 5 желтоқсанда Компания пен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ (бұдан әрі – Екібастұз 2-МАЭС станциясы АҚ) арасында «№3 ст. энергия блогын орната отырып, Екібастұз 2-МАЭС кеңейту және қайта жаңарту» инвестициялық жобасын іске асыруға байланысты Екібастұз 2-МАЭС станциясы АҚ облигациялық бағдарламасы шеңберінде купондық сыйақыны төлеу шығыстарын қаржыландыруға 13.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде қарыз беру туралы келісімге қол қойылды. 2025 жылдың ішінде Компания Екібастұз 2-МАЭС-ке 4.218.221 мың теңге сомасында қарыздар берді. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 14,5%. Қарыз беру мерзімі әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұзарту мүмкіндігімен 2026 жылғы 26 желтоқсанға дейін. Қарыздар қамтамасыз етудің беріледі.

*«Ereumentau Wind Power» ЖШС-не берілген қарыздар мен қаржылық көмек*

«Ereumentau Wind Power» берген қаржылық көмек пен қарыздар өтелмейтін болғандықтан, бұл қаржы активтері толығымен құнсызданған.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****6. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)***Қарыздарды салыстырып тексеру*

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызметтен туындайтын таза борыш сомасы мен Компания активтеріндегі өзгерістерді талдау келтірілген. Бұл міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
<b>1 қаңтарға қарыздар мен облигациялар</b>	<b>80.322.093</b>	40.382.889
Еншілес компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмек	<b>103.320.513</b>	14.848.282
Борыштық құралдарды сатудан түскен түсім	<b>(40.347.310)</b>	(12.136.828)
Борыштық құралдарды сатып алу	<b>24.076.908</b>	51.736.552
Еншілес компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындарға берілген қарыздар мен қаржылық көмекті өтеуден түскен түсім	<b>(70.266.457)</b>	(12.867.559)
Берілген қарыздар мен борыштық құралдарға салынған инвестициялардан алынған пайыздар		(6.775.052)
Берілген қарыздар, облигациялар бойынша пайыздық кірістер		9.322.467
Берілген қарыздарды бастапқы тану кезіндегі дисконт		(2.911.355)
Берілген қаржылық көмек бойынша дисконттың амортизациясы бойынша қаржылық кіріс		767.493
Құнсыздану резервін есептеу (нетто)		(1.980.081)
Басқа да өзгерістер		(64.715)
<b>31 желтоқсанға берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар</b>	<b>130.066.325</b>	80.322.093

**7. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің кэш-пуллингі бойынша берешек	<b>4.429.308</b>	–
Еншілес кәсіпорындар сатып алушыларының дебиторлық берешегі	<b>120.091</b>	547.915
Қысқа мерзімді депозиттер	<b>304</b>	304
Құнсыздану резервін шегере отырып	<b>(112.508)</b>	(299.029)
<b>Басқа да қаржылық айналымдағы активтердің жиыны</b>	<b>4.437.195</b>	249.740
Басқа да салық активтері	<b>1.054.896</b>	516.791
Төленген аванстар	<b>321.721</b>	483.228
Басқа да қысқа мерзімді активтер	<b>320.024</b>	320.024
Келешек кезеңдердің шығыстары	<b>127.166</b>	106.235
Жұмыскерлердің басқа да дебиторлық берешегі	<b>120.051</b>	102.201
Құнсыздану резервін шегере отырып	<b>(320.024)</b>	(339.344)
<b>Басқа да айналымдағы активтердің жиыны</b>	<b>6.061.029</b>	1.438.875

*«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-нің кэш-пуллингі*

2024 жылғы 28 сәуірде Компания мен «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС арасында «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС айналым капиталын қаржыландыруға 10.000.000 мың теңгеден аспайтын мөлшерде кэш-пулинг (3-ескертпе) тетігі шеңберінде шартқа қол қойылды. Сыйақы мөлшерлемесі: КРҰБ базалық мөлшерлемесі + жылдық 1%. Шарт талап ету бойынша өтелуге жатады, осыған орай сома айналым активтерінің құрамында көрсетіледі.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****8. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>
Теңгемен кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	<b>55.687.273</b>	59.075.072
3 айға дейін мерзімді депозиттердегі ақша қаражаты - теңге	<b>3.107.257</b>	2.543.062
Банк шоттарында шетел валютасындағы ақша қаражаты	<b>23.614</b>	–
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - теңге	<b>71.825</b>	666.471
Кассадағы ақша қаражаты	<b>4.918</b>	5.856
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - еуро	–	551
Банк шоттарындағы ақша қаражаты - доллар	<b>2.805</b>	–
Минусы: құнсыздану резерві	<b>(751)</b>	(246)
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларының жиыны</b>	<b>58.896.941</b>	<b>62.290.766</b>

Қазынашылық портфельді әртараптандыру мақсатында Компания есепті күні сатып алу және кері сату шарттарын («кері репо») пайдаланды, олар қысқа мерзімді кезеңге уәкілетті брокер арқылы егеменді рейтингтен төмен емес рейтингпен өтімді бағалы қағаздардың кепіліне ақша қаражатын орналастыру операцияларын білдіреді.

Төмендегі кестеде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекел деңгейлері негізінде ақша қаражатының қалдықтары мен ақша қаражаты баламаларының кредиттік сапасына талдау келтірілген. Компанияның кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы *20-ескертпеде* келтірілген.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Корреспонде нттік шоттар</b>	<b>Банктердегі депозиттер</b>	<b>Басқа банктермен кері РЕПО шарттары</b>	<b>Жиыны</b>
- Жоғары деңгей	–	–	<b>55.687.273</b>	<b>55.687.273</b>
- Жақсы деңгей	<b>97.493</b>	<b>3.107.257</b>	–	<b>3.204.750</b>
<b>Кассадағы ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының жиыны</b>	<b>97.493</b>	<b>3.107.257</b>	<b>55.687.273</b>	<b>58.892.023</b>

Төмендегі кестеде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кредиттік тәуекел деңгейлері негізінде ақша қаражатының қалдықтары мен ақша қаражаты баламаларының кредиттік сапасына талдау келтірілген. Компанияның кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесінің сипаттамасы *20-ескертпеде* келтірілген.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Корреспонде нттік шоттар</b>	<b>Банктердегі депозиттер</b>	<b>Басқа банктермен кері РЕПО шарттары</b>	<b>Жиыны</b>
- Жоғары деңгей	–	–	59.075.072	59.075.072
- Жақсы деңгей	667.268	2.543.062	–	3.210.330
<b>Кассадағы ақша қаражатын қоспағанда, ақша қаражаты мен ақша қаражаты баламаларының жиыны</b>	<b>667.268</b>	<b>2.543.062</b>	<b>59.075.072</b>	<b>62.285.402</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****9. КАПИТАЛ****Акционерлік капитал***2025 жыл*

2025 жылғы 31 желтоқсанға орналастырылған 7.198.467 жай акция 538.908.267 мың теңге мөлшерінде толық төленді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 6.952.267 акция 507.435.225 мың теңге мөлшерінде). Әрбір жай акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялардың саны 8.602.187 акцияға тең (2024 жылғы 31 желтоқсан: 8.602.187 акция). 2025 жылғы 31 желтоқсанға Самұрық-Қазына Компанияның 100% акционері болып табылады (2024 жыл: 100%).

2025 жылғы 3 маусымда Самұрық-Қазына «Алматы ЖЭО-3 қайта құру» жобасын іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ-ның жарғылық капиталын толықтыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес 6.454,795 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 125.095,90 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 50.000 акциясын сатып алды.

2025 жылғы 22 шілдеде Самұрық-Қазына «Көкшетау қаласында көмір жылу электр орталығын салу» жобасын іске асыру шеңберінде «Көкшетау ЖЭО» ЖШС-тің жарғылық капиталын толықтыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес 25.018.247 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 127.514 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 196.200 акциясын сатып алды.

*2024 жыл*

2024 жылғы 2 мамырда Самұрық-Қазына Компания акцияларының эмиссиясын төлеу есебіне Компанияға құны 36,224,485 мың теңге және 23,505,742 мың теңге құны болатын 375,500 және 260,000 акция көлемінде Шүлбі ГЭС-в және ӨГЭС-де 100% қатысу үлесін берді. Қатысу үлестерінің әділ құны 2024 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша Акционерлік қоғамдар туралы заңға сәйкес Компанияның тәуелсіз бағалаушыларды тартуы арқылы анықталды. Сатып алудың әділ құны мен шығарылған акциялардың құны арасындағы 8,957,051 мың теңге сомасындағы айырма басқа резервтік капиталдың ұлғаюы ретінде көрсетілді.

2024 жылғы 4 қыркүйекте Самұрық-Қазына «Көкшетау ЖЭО» ЖШС жарғылық капиталын толықтыру мақсатында басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес 4,137.000 мың теңге жалпы сомаға ақша қаражатын беру арқылы 1 жай акция үшін 861,875 теңге орналастыру бағасы бойынша Компанияның 4,800 акциясын сатып алды.

**Дивидендтер**

2025 жылғы 10 сәуірде Компания жалғыз акционерге 20.565.918 мың теңге – бір акция үшін 2.958,16 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады. 2025 жылғы 9 шілдеде Компания дивидендтерді толығымен төледі.

2024 жылғы 25 сәуірде Компания жалғыз акционерге 20.565.903 мың теңге – бір акция үшін 3.258,24 теңге мөлшерінде дивидендтер төлейтінін жариялады. 2024 жылғы 24 шілдеде Компания дивидендтерді толығымен төледі.

Шығарылған және жарияланған жай акцияларды салыстыру төменде келтірілген:

	<b>Шығарылған жай акциялардың саны [дана]</b>	<b>Жарияланған жай акциялардың саны [дана]</b>
<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>		
2024 жылғы 1 қаңтарға	6.311.967	8.602.187
Акциялар эмиссиясы	4.800	–
Кәсіпорындарды жалпы бақылаумен сатып алу кезінде акциялар эмиссиясы	635.500	–
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға (23-ескертпе)</b>	<b>6.952.267</b>	<b>8.602.187</b>
Акциялар эмиссиясы	<b>246.200</b>	–
<b>2025 жылғы 31 желтоқсанға (23-ескертпе)</b>	<b>7.198.467</b>	<b>8.602.187</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Өтеу күні</b>	<b>Тиімді сыйақы мөлшерлемесі</b>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>
<b>Ұзақ мерзімді бөлік</b>				
«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар	2028–2029	7,42%-дан 12,11%-ға дейін 11,4%-дан және ҚРҰБ қайта қаржыландыру мөлшерлемесі+1	<b>80.941.219</b>	81.042.824
Облигациялар	2028–2029 2034 жылғы қазан	% 19,01%	<b>39.241.931</b>	44.452.414
<b>Ұзақ мерзімді банктік қарыздар</b>			<b>4.314.971</b>	19.777.038
<b>Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігінің жиыны</b>			<b>124.498.121</b>	145.272.276
<b>Қысқа мерзімді бөлік</b>				
Облигациялар	2024 жылғы қыркүйек	ҚРҰБ+1% қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	<b>6.941.023</b>	30.415.914
Қысқа мерзімді банктік қарыздар	2026–2034	11,88%	<b>15.810.600</b>	576.200
Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО)	2026	ҚРҰБ+2% қайта қаржыландыру мөлшерлемесі	<b>9.482.771</b>	12.725.143
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына мен ЕТҰ-дан алынған қарыздар	-	-	<b>6.043.288</b>	5.010.616
«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар	2026–2029	7,42%-дан 17,5%- ға дейін	<b>8.616.628</b>	2.381.109
Есептелген пайыздар - облигациялар	-	-	<b>1.584.711</b>	1.916.646
Есептелген пайыздар - банк қарыздары	-	-	<b>417.742</b>	471.127
<b>Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігінің жиыны</b>			<b>48.896.763</b>	53.496.755
<b>Қарыздар мен облигациялар жиыны</b>			<b>173.394.884</b>	198.769.031

Төменде осы қарыздардың баланстық және әділ құнын талдау берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>		<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>	
	<b>Баланстық құн</b>	<b>Әділ құны</b>	<b>Баланстық құн</b>	<b>Әділ құны</b>
Самұрық-Қазынадан және ДЗО-дан алынған қарыздар	<b>105.083.906</b>	<b>87.960.885</b>	101.159.692	87.099.386
Облигациялар	<b>47.767.665</b>	<b>44.331.232</b>	76.784.974	73.817.162
Банк қарыздары	<b>20.543.313</b>	<b>20.692.535</b>	20.824.365	21.165.348
<b>Қарыздар мен облигациялар жиыны</b>	<b>173.394.884</b>	<b>152.984.652</b>	198.769.031	182.081.896

*«Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ-нан қарыздар*

2010 жылғы 17 наурызда Компания «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-мен Forum Muider-дегі 50% үлесті сатып алу нәтижесінде борышты қайта қаржыландыру мақсатында 48.200.000 мың теңге сомасына кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз өтеу мерзімі 2029 жылғы 17 қыркүйектен кешіктірілмей жылдық 1,2% мөлшерінде пайыздық мөлшерлеменен берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлемдермен өтелуге жатады, ал пайыздар қарыз алғаннан кейінгі келесі есепті жылдан бастап жартыжылдық жарналармен төленеді.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания 2.381.109 мың теңге сомаға негізгі борышты ішінара өтеді.

*Банк қарыздары: Азия Даму Банкі*

2018 жылдың 8 қарашасы мен 5 желтоқсанында Компания негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергиямен байланысты мүмкіндіктерді анықтау мақсатында Азия Даму Банкінде 120 миллион АҚШ долларын құрайтын жаңартылмайтын кредит желілерін ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша 45.860.800 мың теңге жалпы сомаға А және В траншын 5 жылдан кейін, С траншын 7 жылдан кейін өтеу мерзімімен үш транш алды. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің (All-in cost) өсімі, банктің маржасы (А және В Транштары бойынша 3,75%, С траншы бойынша 4,50%) негізінде белгіленеді. 2022 жылы А және В транштары мерзімінен бұрын толық өтелді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша С траншы бойынша 15.234.400 мың теңге сомасындағы қалдық толығымен қысқа мерзімді бөлікке ауыстырылды.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****10. ҚАРЫЗДАР МЕН ОБЛИГАЦИЯЛАР (жалғасы)**

*Банк қарыздары: Еуразиялық даму банкі*

2023 жылғы 30 маусымда Компания Еуразиялық даму банкінен 2034 жылғы 31 қазанда өтеу мерзімімен 6.626.296 мың теңге сомасына қарыз алды. Нысаналы мақсаты - еншілес ұйымның Еуразиялық даму банкі алдындағы негізгі борышын өтеу мақсатында «Eneumentau Wind power» ЖШС-не қарыз беру. Пайыздық мөлшерлеме - 2026 жылғы 31 қазанға дейін жылдық 11,5%. 2026 жылғы 1 қарашадан бастап негізгі борыш толық өтелгенге дейін пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің және жылдық 2,25% маржаның сомасына тең.

*Еншілес ұйымдардан және бірлескен кәсіпорындардан қарыздар (ЕТҰ, СҚО): «Богатырь-Көмір» ЖШС қарыздары*

2022 жыл ішінде Компания «Богатырь Көмір» ЖШС-нен (Forum Muider Limited бірлескен кәсіпорнының еншілес компаниясы) қарыз мерзімінің соңында негізгі борыш пен сыйақыны өтеу талабымен 12 ай мерзімге 12.482.770 мың теңге жалпы сомаға қарыздар алды.

2023 жылғы шілдеде және қарашада қарыздардың мерзімдері бір жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде белгіленді, оған қоса жылдық 3% маржа. 2024 жылғы қыркүйекте қарыздардың мерзімдері 1 жылға ұзартылды, жылдық сыйақы мөлшерлемесі транштар берілген күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі деңгейінде белгіленді, оған қоса жылдық 2% маржа.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған он екі айдың ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ «Богатырь Көмір» ЖШС-мен қарыз мерзімдерін 2026 жылғы 19 шілдеге және 2026 жылғы 8 қарашаға дейін ұзарту туралы қосымша келісімдерге қол қойды.

2025 жылғы 13 қаңтарда Компания «Богатырь-Көмір» ЖШС-не алынған қарыздар бойынша борыштың негізгі сомасын ішінара өтеу есебіне 1.500.000 мың теңге және қарыздар бойынша 533.035 мың теңге сыйақы төледі.

*Шығарылған облигациялар*

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналды құны 1.000 теңге болатын 21.736.200 мың теңге сомасына облигацияларды шығарып, орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,2%-ды құрады және жылына екі рет төленуі тиіс. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялар толығымен өтелді.

2021 жылғы 25 қарашада Топ 6,5 жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналды құны 100.000.000 теңге болатын 18.400.000 мың теңге сомасына 184 дана жасыл облигацияларды шығарып, орналастырды. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,4 %-ды құрады және жылына екі рет төленуі тиіс.

2024 жылғы 19 қыркүйекте «Самұрық-Энерго» АҚ 2029 жылғы 19 қыркүйекке дейін айналыс мерзімімен ҚРҰБ +1% өзгермелі мөлшерлеме бойынша Astana International Exchange алаңында өтімділікті басқару бағдарламасы шеңберінде 34.736.552 мың теңге сомасына амортизацияланған купондық облигациялар шығарды.

*Қарыздарды салыстырып тексеру*

Төмендегі кестеде ұсынылған кезеңдердің әрқайсысы үшін қаржылық қызметтен туындайтын таза борыш сомасы мен Компания міндеттемелеріндегі өзгерістерді талдау келтірілген. Бұл міндеттемелердің баптары қаржылық қызмет құрамындағы ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте көрсетілген.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
<b>1 қаңтарға қарыздар мен облигациялар</b>	<b>198.769.031</b>	159.556.893
Шығарылған облигациялар және алынған қарыздар бойынша түсім	<b>10.284</b>	34.739.445
Шығарылған облигациялар мен алынған қарыздардың өтелуі	<b>(35.051.424)</b>	(5.620.863)
Төленген пайыздар	<b>(15.746.460)</b>	(9.397.512)
Есептелген сыйақы (17-ескертпе)	<b>16.393.986</b>	12.793.121
Келтірілген құн дисконтының амортизациясы (17-ескертпе)	<b>9.019.320</b>	8.281.494
Алынған қарыздарды ұйымдастыру кезіндегі дисконт	-	(1.610.836)
Дисконтты жаңғыртудан болған әсер	-	22.436
Бағамдық айырмадан болған залал, нетто	<b>147</b>	4.853
<b>31 желтоқсанға қарыздар мен облигациялар</b>	<b>173.394.884</b>	198.769.031

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****11 ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық кепілдік	<b>24.879.676</b>	25.022.825
<b>Қаржылық кепілдік жиыны</b>	<b>24.879.676</b>	25.022.825

Кепілдік міндеттемелер «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3 газдандыру жобаларын қаржыландыру мақсатында берген қарсы кепілдік шарттары бойынша Компанияның міндеттемелерін білдіреді. Жобаны іске асыру шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ мен қаржы институттары арасында мынадай негізгі талаптарда кредиттік келісімдер жасалды:

- Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 130,000,000 мың теңгеге дейінгі сомаға;
- Азия даму банкімен (АДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің 2027 жылғы 30 маусымға дейін 1,5% және 2027 жылғы 30 маусымнан бастап 2% маржасынан, 2037 жылғы 20 қарашада қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 98,000,000 мың теңгеге дейінгі сомаға;
- Қазақстанның даму банкімен (ҚДБ) TONIA Compounded индексінен, банктің меншікті қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша шығасыларынан және банктің жылдық 0,73% маржасынан, 2038 жылғы 8 маусымда қарыздың аяқталу мерзімінен тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 117,000,000 мың теңгеге дейінгі сомаға;
- Қазақстан Халық Банкімен (ҚХБ) 2035 жылғы 24 тамызда қарыздың аяқталу мерзімінен ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінен және жылдық 1,5% маржадан тұратын сыйақы мөлшерлемесімен 135,000,000 мың теңге сомаға.

Кепілдік келісімдері кепілдік бергені үшін комиссия болмаған жағдайда жасалды. 2025 жылғы 31 желтоқсанға берешектің жалпы кепілдік берілген сомасы 480,000,000 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 345.000.000 мың теңге) болды. ЕҚДБ, АДБ және ҚДБ пайдасына кепілдіктерді бастапқы тану кезінде кепілдік міндеттемелерінің сомасын есептеуде 14% дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды. ҚХБ пайдасына кепілдікті тану кезінде кепілдік міндеттемелерінің сомасын есептеуде 18,4% дисконттау мөлшерлемесі және дефолт ықтималдығы мен күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін 1,39% деңгейінде Credit Default Swap мөлшерлемесі қолданылды.

2025 жылғы 31 желтоқсанға кепілдіктер бойынша міндеттемелер 25.879.676 мың теңге (2024 жылғы 31 желтоқсан: 25.022.825 мың теңге) болды. 2025 жылғы 31 желтоқсанға есепті кезең ішінде қаржылық кепілдік бойынша дисконт амортизациясы 2.147.186 мың теңгені құрайды. Компания өткен кезеңдегі салыстырмалы деректерді қайта қарады және қаржылық кепілдіктерді ұзақ мерзімді міндеттемелерден қысқа мерзімді міндеттемелерге қайта жіктеді.

**12. БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ПЕН ЕСЕПТЕЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	2024 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер (кэш-пулинг) (3-ескертпе)	<b>43.196.863</b>	35.391.979
Өнім жеткізушілер алдындағы берешек	<b>999.955</b>	758.841
<b>Қаржылық кредиторлық берешек жиыны</b>	<b>44.196.818</b>	36.150.820
«Qazaq Gaz» АҚ алдындағы бағалау міндеттемесі	<b>94.914</b>	678.309
Басқа	<b>668.635</b>	575.770
<b>Басқа да кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер жиыны</b>	<b>44.960.367</b>	37.404.899

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****12. БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ПЕН ЕСЕПТЕЛГЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)**

Еншілес ұйымдардан алынған қаржылық көмек

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде кэш-пулинг тетігі шеңберінде (3-ескертіне) Компания «Самұрық-Энерго» АҚ тобына кіретін компаниялардан жалпы 193.637.567 мың теңге көлемінде қаржылық көмек алды және есепті күнгі жағдай бойынша 185.834.302 мың теңге төледі. Осы міндеттемелер талап етілгенге дейін болып табылады, осыған орай, номиналды құны бойынша ескерілді.

**13. ДИВИДЕНДТЕР БОЙЫНША КІРІСТЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
«Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС-тен дивидендтер	<b>20.000.000</b>	29.000.000
«Бұқтырма ГЭС» АҚ-нан дивидендтер	<b>66.988.305</b>	15.197.541
Qazaq Green Power PLC-тен дивидендтер	<b>3.416.738</b>	2.000.000
«Шардара ГЭС» АҚ-нан дивидендтер	<b>-</b>	150.002
<b>Дивидендтер бойынша кірістер жиыны</b>	<b>90.405.043</b>	<b>46.347.543</b>

**14. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР (НЕТТО)**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>Ескер.</b>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы	5	<b>(4.779.290)</b>	(3.450.434)
Басқа да кірістер		<b>72.728</b>	(4.134)
Басқа да шығыстар		<b>(1.149.478)</b>	(1.223)
<b>Басқа да операциялық шығыстар жиыны (нетто)</b>		<b>(5.856.040)</b>	<b>(3.455.791)</b>

**15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Жалақы және соған байланысты шығыстар	<b>4.912.535</b>	4.263.017
Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету және қауіпсіздік жөніндегі қызметтер	<b>953.154</b>	888.784
Бөгде ұйымдардың қызметтері	<b>643.870</b>	123.641
Мамандандырылған кеңсеге қызмет көрсету қызметтері	<b>597.970</b>	497.577
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	<b>591.845</b>	503.865
Кеңес беру, аудиторлық және басқа да кәсіптік қызметтер	<b>561.767</b>	623.061
Іссапар шығыстары	<b>356.617</b>	306.698
Күзет қызметтері	<b>123.960</b>	119.378
Персоналды оқыту және байланысты шығыстар	<b>103.094</b>	129.884
Сақтандыру	<b>70.592</b>	59.174
Мүшелік жарналар	<b>39.710</b>	67.852
Салықтар	<b>30.070</b>	91.832
Байланыс шығыстары	<b>29.370</b>	24.525
Басқа	<b>231.604</b>	299.436
<b>Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны</b>	<b>9.246.158</b>	<b>7.998.724</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****16. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық кірістер	<b>15.764.377</b>	9.322.467
Ұлттық банктің банктік депозиттері, репо және ноттары бойынша пайыздық кірістер	<b>10.788.447</b>	4.715.742
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	<b>1.432.377</b>	808.864
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	<b>2.147.186</b>	1.006.300
Басқалары	<b>813</b>	172
<b>Қаржылық кірістер жиыны</b>	<b>30.133.200</b>	15.853.545

**17. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Қарыздар мен облигациялардың сыйақысы бойынша шығыстар	<b>16.393.986</b>	12.794.924
Қарыздар мен облигациялар бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	<b>9.019.320</b>	8.281.495
Жалдау бойынша міндеттемелер дисконтының амортизациясы	<b>402.688</b>	251.102
Қаржылық көмекті түрлендіру бойынша шығыстар	<b>-</b>	22.436
Басқа	<b>124.575</b>	67.855
<b>Қаржылық шығыстар жиыны</b>	<b>25.940.569</b>	21.417.812

**18. ТАБЫС САЛЫҒЫ**

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Ағымдағы табыс салығы	<b>165.567</b>	78.180
<b>Табыс салығы бойынша шығыстар жиыны</b>	<b>165.567</b>	78.180

Төменде салықтың теориялық және нақты шығыстарын салыстыру берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Салық салынғанға дейінгі пайда	<b>77.664.381</b>	27.363.161
20% қолданыстағы мөлшерлеме бойынша табыс салығының теориялық шығысы (2024 жыл: 20%)	<b>15.532.876</b>	5.472.632
<b>Мыналарға түзетулер:</b>		
Дивидендтер бойынша кірістер	<b>(18.081.009)</b>	(9.269.509)
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	<b>(429.437)</b>	(201.260)
Еншілес компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы	<b>955.858</b>	690.087
Төлем көзінен ұсталған табыс салығы	<b>165.567</b>	78.180
Басқа да есептен шығарылмайтын шығыстар	<b>290.087</b>	297.716
Салық шығындары бойынша мойындалмаған активтердегі өзгеріс	<b>1.731.625</b>	3.010.334
<b>Табыс салығы бойынша шығыс жиыны</b>	<b>165.567</b>	78.180

ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттары мен Қазақстан Республикасының салық заңнамасы арасындағы айырмашылықтар бухгалтерлік есептегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасындағы уақыт айырмаларының пайда болуына әкеледі. Уақыт айырмалары өзгерістерінің салықтық әсері төменде келтірілген және уақыт айырмаларын қалпына келтіру кезеңінде қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелеріне сәйкес көрсетіледі.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****18. ТАБЫС САЛЫҒЫ (жалғасы)**

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания салықтық залалдар бойынша кейінге қалдырылған салықтық активті толық көлемде мойындаған жоқ, өйткені басшылықтың бағалауына сәйкес, мұндай залалдарды пайдалануға мүмкіндік беретін болашақ салық салынатын пайданың алыну ықтималдығы жеткіліксіз.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 жылғы 1 қаңтар</b>	<b>Пайда мен зиян шотына жатқызылған ы</b>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>
<b>Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері</b>			
Ауыстырылған салық шығындары	8.676.836	(47.593)	8.629.243
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған активтер	-	-	-
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалмаған активтер</b>	<b>8.676.836</b>	<b>(47.593)</b>	<b>8.629.243</b>

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2024 жылғы 1 қаңтар</b>	<b>Пайда мен зиян шотына жатқызылған ы</b>	<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>
<b>Шегерілетін уақыт айырмаларының салық әсері</b>			
Ауыстырылған салық шығындары	9.071.477	(394.641)	8.676.836
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалған активтер	-	-	-
<b>Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мойындалмаған активтер</b>	<b>9.071.477</b>	<b>(394.641)</b>	<b>8.676.836</b>

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****19. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР****Операциялық орта**

2022 жылғы 24 ақпанда Ресей Украинаға әскери шабуыл жасады. Шапқыншылыққа жауап ретінде Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресейге кең ауқымды санкциялар енгізді, соның ішінде ресейлік банктерге Swift жүйесін пайдалануға тыйым салынды. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан сондай-ақ мұнай экспортының 80%-на дейін тасымалданатын Каспий құбыр консорциумына (КҚК) айтарлықтай дәрежеде тәуелді.

Жылдық инфляция деңгейі 2025 жылдың желтоқсанында 12,3% құрады, ал 2024 жылдың желтоқсанында 8,6%. 2025 жылы экономиканың өсуі өткен жылдың барабар кезеңімен салыстырғанда 6,5%-ға өсті. Осы есепті күнгі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 502,57 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 494,63 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 523.54 теңге).

Бүтіндей алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейбір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының электрэнергетикалық секторы елдегі саяси, заңнамалық, қаржы және реттеуші өзгерістердің ықпалына ұшырағыш қалды. Теңгенің айырбас бағамы мен шикізат тауарларының бағасына қатысты белгісіздік сақталады.

Экономикалық орта Компания қызметіне және қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпалын тигізеді. Басшылық Компания қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қолға алады. Дегенмен, қалыптасқан экономикалық жағдайдың келешек салдарын болжау күрделі және басшылықтың ағымдары үміттері мен бағалауы нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компанияның бақылауынан тыс құқықтық және саяси өзгерістерге байланысты.

Компания басшылығы экономикалық және саяси ахуалдың ағымдағы өзгерістерін қадағалауда әрі таяу болашақта Компанияның бизнесін тұрақтандыру әрі дамыту үшін қажет деп тапқан шаралар қабылдауда.

**Салық заңнамасы**

Қазақстандық заңнама және салық салу практикасы үздіксіз даму жағдайында тұр және сондықтан кері күші болуы мүмкін түрлі және талқылауға әрі жиі өзгерістерге ұшырағыш. Кейбір жағдайларда, салық салынатын базаны айқындау үшін, салық заңнамасы ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарының ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ҚЕХС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарының тиісті ережелерін талқылауы басшылық бұл қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданған есепті саясаттардан, пайымдаулар мен бағалаудан ерекшелене алады, бұл Компанияда қосымша салық міндеттемелерінің пайда болуына әкеп соқтыра алады. Салық органдары салық жылы аяқталғаннан кейін бес жылдың ішінде ретроспективті тексеруді жүргізе алады.

Компания басшылығы оның тиісті заңнаманы түсіндіруі қолайлы болып табылады және Компанияның салық позициясы негіздемеуі болып табылады деп санайды. Компания басшылығының пікірінше, Компания осы қаржылық есептілікте қалыптастырылған резервтерден асатын ағымдағы және әлеуетті салық тәуекелдері бойынша елеулі залалдарды көтермейді.

2020 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (бұдан әрі – МКК) көлденең мониторингті ендіру бойынша пилотты жобаны іске асырды, ол 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін ұзартылады.

**Total Eren-мен жел электр станциясын салу жобасы**

2023 жылғы 1 қарашада Total Eren (бұдан әрі — Әзірлеуші), «Самұрық-Қазына» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі — Бірлесіп әзірлеушілер) арасында энергия жинақтау жүйесімен Жамбыл облысында белгіленген қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясын (ЖЭС) салу жобасы (бұдан әрі - Жоба) бойынша Бірлескен кәсіпорын туралы келісім жасалды.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****19. ШАРТТЫ ӘРІ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (жалғасы)****Total Eren-мен жел электр станциясын салу жобасы (жалғасы)**

2024 жылғы 19 желтоқсанда Компания, «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «KMG Green Energy» ЖШС арасындағы Бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша Құқықтарды, міндеттер мен міндеттемелерді жаңарту туралы келісімге қол қойылды. Аталған келісімнің талаптарына сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ новация арқылы Компанияға Бірлескен кәсіпорын туралы келісім бойынша өзінің барлық құқықтарын, міндеттемелері мен міндеттерін береді.

2025 жылғы 30 маусымда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ, Qazaq Green Power PLC (бұдан әрі — QGP), «KMG Green Energy» ЖШС және Total Eren S.A. арасындағы новация туралы келісімнің жобасы, сондай-ақ Жобаны QGP PLC-ге беру келісілді.

2025 жылғы 15 шілдеде TotalEnergies тараптарды электрондық пошта арқылы Total Eren S.A. компаниясы тарату рәсімін өткізбей таратылғаны туралы хабардар етті, осыған байланысты оның құқықтық субъектілігі тоқтатылды. Total Eren S.A.-ның барлық құқықтары, активтері мен міндеттемелері TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S. әмбебап мұрагерлік тәртібімен берілді.

2025 жылғы 27 қарашада тараптар Жоба бойынша Бірлескен кәсіпорын туралы келісімге қосымша келісімге (түзетуге) қол қойды.

«Самұрық-Қазына» АҚ, QGP және TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S. арасында жасалған 2025 жылғы 26 желтоқсандағы кепілдік шартының шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ төлем және өзге де қаржылық міндеттемелерді қоса алғанда, Жоба бойынша QGP өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындаудың кепілі болып табылады.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ Жобаны іске асыру шеңберінде туындайтын барлық шығыстарды өтеу бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына корпоративтік кепілдік берді.

Көрсетілген келісімдердің талаптарына сәйкес Компания Директорлар кеңесі мен Акционерлердің тиісті мақұлдауларын алған жағдайда жобалау компаниясындағы қатысу үлесін сатып алуға не оған 20%-ға қол қоюға міндеттенеді. Үлесті сатып алу бағасы әрбір Бірлесіп әзірлеушінің сатып алынатын үлесінің мөлшеріне байланысты пропорционалды түзетуді ескере отырып, мәміле аяқталғанға дейін жобаны әзірлеу барысында Әзірлеуші шеккен және Бірлесіп әзірлеушілер мақұлдаған нақты шығындардан аспауға тиіс.

Есепті күнгі жағдай бойынша жобалық компанияға қатысу үлесінің 100%-ы TOTALENERGIES RENEWABLES S.A.S. тиесілі.

**Соттың істі қарауы**

Компания әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында туындаған белгілі бір сот процестеріне қатысады. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта қандай да бір ағымдағы сот процестері немесе басқа да аяқталмаған шағым-талаптар жоқ, солардың нәтижелері Компанияның қаржылық жағдайына айтарлықтай қолайсыз әсер етуі мүмкін еді.

**Қарыздар бойынша ковенанттар**

Компанияда банктік қарыздар бойынша белгілі бір ковенанттар бар. Осы ковенанттарды сақтамау Компания үшін жағымсыз салдарға, соның ішінде қарыздар бойынша шығындардың өсуіне және дефолтқа әкелуі мүмкін. 2025 және 2024 жылдардың қорытындылары бойынша Компания қарыздар бойынша ковенанттарды орындады.

**20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ****Қаржы тәуекелінің факторлары**

Компанияның қызметі оны бірқатар қаржы тәуекелдеріне ұшыратады: нарықтық тәуекел (оның ішінде валюталық тәуекел, пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне әсер ету тәуекелі), кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі. Компания деңгейінде тәуекелдерді басқару бағдарламасы қаржы нарықтарының болжауға болмайтын жағдайларына шоғырланған және Компанияның қаржы нәтижелеріне тигізетін теріс әсерді барынша азайтуға бағытталған. Компания тәуекелдерге ұшырағыштығын хеджирлеу үшін туынды қаржы құралдарын пайдаланбайды.

Тәуекелдерді басқаруды басшылық тәуекелдерді басқару қағидаттарын көздейтін және кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі және нарықтық тәуекел сияқты ерекше салаларды қамтитын саясатқа сәйкес жүргізеді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)****Қаржы тәуекелінің факторлары (жалғасы)***Кредиттік тәуекел*

Компания кредиттік тәуекелге ұшырағыш, әрі ол қаржы құралымен жасалған операцияның бір жағы шарт бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарынан басқа тараптың қаржы залалдарын көтеруінің себебіне айналуы мүмкін екендігінің тәуекелі болып табылады.

Кредиттік тәуекел Компанияның контрагенттермен жасалған кредиттік және басқа да операцияларының нәтижесінде туындайды, әрі солардың салдарынан қаржы активтері туындайды.

Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі.

*Кредиттік тәуекелді басқару*

Кредиттік тәуекел Компанияның бизнесі үшін жалғыз барынша маңызды тәуекел болып табылады. Сондықтан, басшылық кредиттік тәуекелді басқаруға ерекше назар аударады.

Тәуекелдерді басқару мақсатында кредиттік тәуекелді бағалау күрделі процесс болып табылады және модельдерді қолдануды талап етеді, өйткені тәуекел нарықтық жағдайларға, күтілетін ақша ағындарына және уақыт өте келе өзгереді. Кредиттік тәуекелді активтер портфелі бойынша бағалау дефолт ықтималдығына, тиісті шығындылық коэффициенттеріне және контрагенттер арасындағы дефолт корреляциясына қатысты қосымша бағалауды қажет етеді.

*Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі*

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Компания екі тәсілді қолданады: тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor 's [S&P], Fitch, Moody' s) бағалайтын тәуекел деңгейлерін бағалау. Ішкі және сыртқы кредиттік рейтингтер дефолт ықтималдығының белгілі бір диапазонымен бірыңғай ішкі шәкіл бойынша салыстырылады. Тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйесі ішкі эзірлеу болып табылады және рейтингтерді басшылық бағалайды. Компания активтер класына қарай кредиттік тәуекелді бағалаудың әртүрлі әдістерін қолданады.

Компания ұзақ мерзімді дебиторлық берешек бойынша кредиттік тәуекелді бағалау үшін тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйелерін қолданады.

Рейтингтік модельдер үнемі қайта қаралып отырады, дефолттар туралы нақты деректер негізінде бэк-тестіленеді және қажет болған жағдайда жанартылады. Қолданылатын әдіске қарамастан, Компания рейтингтердің дәлдігін үнемі растайды, модельдердің болжамды қабілеттерін есептеп, бағалайды.

Сыртқы рейтингтерді контрагенттерге S&P, Moody ' s және Fitch сияқты тәуелсіз халықаралық рейтингтік агенттіктер тағайындайды. Бұл рейтингтер жалпыға қол жетімді. Мұндай рейтингтер мен дефолт ықтималдығының тиісті диапазондары ұзақ мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, барлық қаржы активтері үшін қолданылады.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)****Қаржы тәуекелінің факторлары (жалғасы)****Кредиттік тәуекел (жалғасы)***Кредиттік тәуекелді жіктеу жүйесі*

Кредиттік тәуекелді бағалау және кредиттік тәуекел деңгейі бойынша қаржы құралдарын жіктеу мақсатында Топ екі тәсілді қолданады: тәуекелдер негізіндегі ішкі рейтингтер жүйесі немесе сыртқы халықаралық рейтинг агенттіктері (Standard & Poor 's [S&P], Fitch, Moody' s) бағалайтын тәуекел деңгейлерін бағалау. Ішкі және сыртқы рейтингтер төмендегі кестеде көрсетілгендей дефолт ықтималдығының белгілі бір диапазоны бар ішкі бірыңғай шкаламен салыстырылады:

Бірыңғай шкала бойынша кредиттік тәуекел деңгейі	Тиісті ішкі рейтингтер	Сыртқы халықаралық рейтингтік агенттіктердің тиісті рейтингтері (S&P)	Дефолт ықтималдығының тиісті аралығы
Жоғары деңгей	SK_A	AAA-, A-	0,01% – 0,15%
Жақсы деңгей	SK_B	BBB+/-, BBB-	0,16% – 0,75%
Қанағаттанарлық деңгей	SK_C	BB+/-, BB-	0,76% – 17,40%
Арнайы мониторингті қажет етеді	SK_D	B+/-, CCC	17,41% – 99,9%
Дефолт		D	100%

Кредиттік тәуекелдің әрбір деңгейіне бірыңғай шкала бойынша төлем қабілеттілігінің белгілі бір дәрежесі беріледі.

- *Жоғары деңгей* - күтілетін кредиттік тәуекелі төмен жоғары кредиттік сапа;
- *Жақсы деңгей* - орташа кредиттік тәуекелі бар жеткілікті кредиттік сапа;
- *Қанағаттанарлық деңгей* - қанағаттанарлық кредиттік тәуекелі бар орташа кредиттік сапа;
- *Арнайы мониторингті қажет етеді* – мұқият мониторингті және қалпына келтіруші басқаруды қажет ететін кредиттеу тетіктері;
- *Дефолт* - дефолт басталған кредиттеу тетіктері.

**Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау**

Күтілетін кредиттік зияндар - бұл ықтималдықты ескере отырып өлшенген болашақ алынбай қалған ақша қаражатының келтірілген құнын бағалау (яғни, белгілі бір уақыт кезеңінде дефолттың пайда болу тәуекелдерін таразы ретінде қолдана отырып, кредиттік зияндардың орташа өлшенген мөлшері). Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау объективті болып табылады және мүмкін болатын нәтижелер диапазонын есептеу арқылы анықталады. Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау Компания пайдаланатын төрт компонент негізінде орындалады: дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талап мөлшері, дефолт кезіндегі шығын және дисконттау мөлшерлемесі.

Дефолт кезіндегі берешек - есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасындағы күтілетін өзгерістерді, соның ішінде борыш пен пайыздардың негізгі сомасын өтеуді және кредиттік міндеттемелер бойынша қаражатты күтілетін пайдалануды ескере отырып, дефолттың болашақ күніне тәуекелді бағалау. Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша дефолт кезіндегі берешек кредиттік конверсия коэффициентінің (CCF) көмегімен бағаланады. Кредиттік конверсия коэффициенті - бұл белгілі бір уақыт кезеңінде шарт бойынша міндеттеме сомаларын баланстық міндеттемеге айналдыру ықтималдығын көрсететін коэффициент. *Дефолт ықтималдығы (PD)* - белгілі бір уақыт кезеңінде дефолт ықтималдығын бағалау. *Дефолт кезіндегі шығын (LGD)* – дефолт кезінде пайда болатын шығынды бағалау. Ол шартта көзделген төленуге жататын ақша ағындары мен кредитор алуды күтіп отырған, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу нәтижесінде күтіп отырған ағындардың арасындағы айырмаға негізделеді. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт кезіндегі берешектің пайызымен (EAD) көрсетіледі. Күтілетін зияндар есепті кезең соңындағы келтірілген құнға дейін дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржы құралы бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме (ТПМ) немесе оның шамамен көлемін білдіреді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)****Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)**

Күтілетін кредиттік зияндар құралдың бүкіл қызмет ету мерзімінде модельденеді. Құралдың бүкіл қолданылу мерзімі, егер ол орын алған болса, күтпеген мерзімінен бұрын өтеуді ескере отырып, борыштық құралдарды өтеу мерзіміне дейін шарттың қалған қолданылу мерзіміне тең болады.

«Бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік зияндар» басқару моделінде қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде барлық ықтимал дефолт оқиғаларының орын алуы нәтижесінде туындайтын зияндар бағаланады. «12 айлық күтілетін кредиттік зияндар» моделі есепті кезеңнің соңынан бастап 12 ай ішінде немесе егер ол бір жылдан аз болса, қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде ықтимал болатын қаржы құралы бойынша дефолт оқиғаларының басталуынан туындайтын, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндардың бір бөлігін білдіреді.

Қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылықтың күтілетін кредиттік зияндарды бағалауы, әдетте, реттеу мақсатында пайдаланылатын бүкіл цикл бойынша бағалауларға емес, белгілі бір уақыт кезеңіндегі бағалауларға негізделген. Бағалауда *болжамды ақпарат* қолданылады. Осылайша, ККЗ кредиттік тәуекелге әсер ететін ықтималдықты ескере отырып өлшенген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруін көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (РОСІ) үшін ККЗ-ны модельдеу дәл осылай жүзеге асырылады, тек (а) жалпы баланстық құн және дисконттау мөлшерлемесі шартта көзделген ақша ағындары негізінде емес, актив бастапқы танылған кезде алынуы мүмкін ақша ағындары негізінде анықталады және (б) ККЗ әрқашан бүкіл мерзімде ККЗ-ға тең болғанда. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер - бұл бастапқы тану сәтіне құнсызданған қаржы активтері, мысалы, бұрын бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар.

Дефолт ықтималдығын бағалау үшін Компания дефолтты тәуекелге ұшырау төмендегі критерийлердің біріне немесе бірнешеуіне сәйкес келетін жағдай ретінде анықтайды:

- Қарыз алушының шартта көзделген төлемдерді кешіктіруі 90 күннен асканда;
- Халықаралық рейтинг агенттіктері қарыз алушыны дефолт рейтингтері класына қосқанда;
- Қарыз алушы төменде көрсетілген ықтимал төлем қабілетсіздігі критерийлеріне сәйкес келгенде:
  - Пайыздарды есептеуді тоқтата тұру / қаржы активі бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету;
  - Негізгі борышты есептен шығару;
  - Қаржы активін номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен сату;
  - Қарыз құнын төмендетуге/есептен шығаруға/берешекті кешіруге әкелетін қайта құрылымдау;
  - Қаржы активінің өтеу мерзімін ұлғайту;
  - Негізгі борыш бойынша/ пайыздық төлем бойынша төлем мерзімін кейінге кезеңге ұзарту;
  - Контрагенттің банкроттығын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тану туралы талап қою;
  - Банкроттық туралы арыз бойынша контрагент берген талап;
  - Кепілдік шартымен немесе кепілдік шарты бойынша төлеммен жабылатын міндеттемелер бойынша мерзімі 90 күннен асады.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)****Күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау (жалғасы)**

Ақпаратты ашу үшін Компания дефолттың анықтамасын құнсызданған активтердің анықтамасына сәйкес келтірді. Жоғарыда көрсетілген дефолт анықтамасы Компанияның қаржы активтерінің барлық түрлеріне қолданылады.

Егер құрал үш ай қатарынан дефолт критерийлерінің ешқайсысын қанағаттандырмаса, құрал бұдан былай дефолтты болып саналмайды (яғни төлемдердің кешіктірілуі жойылады). Бұл кезең төлемді кешіктіруді жоюдың әртүрлі ықтимал анықтамаларын қолдана отырып, төлемді кешіктіргеннен кейін дефолт мәртебесін қаржы құралына қайтару ықтималдығын ескеретін талдау негізінде анықталды.

Кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап оның айтарлықтай өсуінің болуын немесе болмауын бағалау (SICR) жеке, сол сияқты және портфельдік негізде жүзеге асырылады.

Осы қаржылық есептілікте танылатын күтілетін кредиттік кредиттердің деңгейі бастапқы танылған сәттен бастап қарыз алушының кредиттік тәуекелінің елеулі ұлғаюының болуына байланысты болады. Бұл тәсіл күтілетін кредиттік зияндарды бағалаудың үш сатылы моделіне негізделген. 1 кезең - бастапқы тану кезінде құнсызданбаған және осы сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін кредиттік зияндардың бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады.

2-кезең - егер бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір өсуі анықталса, қаржы құралы 2-кезеңге ауыстырылады, алайда ол әлі құнсызданған болып саналмайды, бірақ кредиттік зияндар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады. 3-кезең - егер қаржы құралы құнсызданған болса, ол 3-кезеңге ауыстырылады және зияндар үшін бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндар негізінде құрылады. Активтің 3-кезеңге ауысуы нәтижесінде ұйым жалпы баланстық құн негізінде пайыздық кірісті тануды тоқтатады және пайыздық кірісті есептеу кезінде баланстық құнға күтілетін кредиттік зияндарды шегергендегі активтің тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолданады.

Кредиттік тәуекелді едәуір арттыру критерийлері бұдан былай орындалмайтындығы туралы дәлелдер болған жағдайда, құрал қайтадан 1-кезеңге ауыстырылады. Егер тәуекел сапалық белгі негізінде 2-кезеңге ауыстырылса, Компания оның сақталуына немесе өзгеруіне көз жеткізу үшін осы белгінің мониторингін жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе жасалған құнсызданған қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндар әрқашан бүкіл мерзім ішінде бағаланады. Осылайша, Компания бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік зияндардағы кумулятивтік өзгерістерді ғана мойындайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтерінің кредиттік залалдарына бағалау резерві елеусіз болып табылады.

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндарды бағалау үшін Компания үш тәсілді қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельдік негізде бағалау: ішкі рейтингтер жеке негізде бағаланады, алайда кредиттік тәуекелдің бірдей рейтингтері мен кредиттік портфельдің біртекті сегменттері үшін күтілетін кредиттік зияндарды есептеу процесінде кредиттік тәуекелдің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт болған жағдайда залал); (iii) сыртқы рейтингтерге негізделген бағалау.

Жалпы алғанда, күтілетін кредиттік зияндар кредиттік тәуекелдің келесі параметрлерінің көбейтіндісіне тең: дефолт кезіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және жоғарыда анықталған дефолт кезіндегі шығындар құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін қолдана отырып, келтірілген құнға дейін дисконтталған. Күтілетін кредиттік зияндар әрбір жеке қаржы активінің немесе жиынтық сегменттің әрекет ету мерзімі ішінде әрбір болашақ ай үшін кредиттік тәуекел параметрлерін (дефолт кезіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған жағдайда залал) болжау жолымен айқындалады. Бұл үш компонент «өмір сүру» ықтималдығын ескере отырып көбейтіледі және түзетіледі (яғни, қаржы активі алдыңғы айда өтелген бе, әлде дефолт болған ба). Бұл іс жүзінде әрбір болашақ кезең үшін күтілетін кредиттік зияндарды есептеуді қамтамасыз етеді, содан кейін олар есепті күнге дейін дисконтталады және жинақталады. Күтілетін кредиттік зияндарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесі бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның болжамды мәнін білдіреді.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**

---

**20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)****Күтілетін кредиттік зияндар моделіне енгізілген болжамды ақпарат**

Кредиттік тәуекелдің едәуір өсуін бағалау және күтілетін кредиттік зияндарды есептеу расталған болжамды ақпаратты қосуды болжайды. Компания кредиттік тәуекелдің өзгеруімен және күтілетін кредиттік зияндармен байланысты келесі экономикалық айнымалыларды анықтады: жалпы ішкі өнім, инфляция, айырбас бағамы, мұнай бағасы және негізгі секторлардың өнімділігінің өзгеруіне негізделген экономикалық даму тенденциясын сипаттау үшін қолданылатын қысқа мерзімді экономикалық көрсеткіш.

Бұл экономикалық айнымалылардың дефолт ықтималдығына, дефолт кезіндегі қарызға және дефолт кезіндегі шығынға әсері бұл айнымалылардың өткен кезеңдердегі дефолт деңгейіне және дефолт кезіндегі дефолт пен қарыз болған жағдайда шығын компоненттеріне әсерін түсіну үшін статистикалық регрессиялық талдау арқылы анықталады.

Кез-келген экономикалық болжамдардағыдай, жорамалдар мен оларды іске асыру ықтималдығы сөзсіз белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты және тиісінше, нақты нәтижелер болжанғаннан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін.

Компания қаржы активтері бойынша бағалаулар мен нақты шығындар арасындағы алшақтықты азайту үшін өзінің әдіснамасы мен болжамдарын үнемі тексеріп отырады. Мұндай бәк-тестілеу жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау әдіснамасының бәк-тестілеу нәтижелері Компания басшылығының назарына жеткізіледі және уәкілетті тұлғалармен талқылаудан кейін модельдер мен жорамалдарды пысықтау бойынша одан әрі қадамдар айқындалады.

***Өтімділік тәуекелі***

Өтімділік тәуекелі - бұл ұйымның қаржылық міндеттемелерді орындау кезінде қиындықтарға тап болу тәуекелі. Компанияның Даму жоспарларын қалыптастыру мен мониторингтеудің қолданыстағы ережелеріне сәйкес ақша ағындарының қозғалысын жоспарлау және мониторингілеу қысқа мерзімді ай сайынғы негізде де, 5 жылға арналған қызметті орта мерзімді жоспарлауды қалыптастыру шеңберінде де жүргізіледі. Сонымен қатар, Компанияда оның 10 жылдық Даму стратегиясы әзірленіп, бекітіледі. Ақша ағындарын жоспарлау кезінде депозиттерге уақытша бос ақшаны орналастырудан түсетін кірістер де ескеріледі.

Төменде кестеде есепті кезеңнің соңында шарттардың талаптарында көзделген өтеу мерзімдерінің соңына дейін қалған мерзімдерді көрсете отырып, өтеу мерзімдері бойынша бөліністе Компанияның қаржылық міндеттемелеріне талдау келтірілген. Өтеу мерзімі бойынша талдау болашақта пайыздарды және негізгі борыш сомасын өтеуді қоса алғанда, дисконтталмаған сомаларға негізделген.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)**

Күтілетін кредиттік зияндар моделіне енгізілген болжамды ақпарат (жалғасы)

*Өтімділік тәуекелі (жалғасы)*

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	Талап еткенге дейін және 1 айдан кем мерзімде	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 12 айға дейін	12 айдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам
<b>2025 жылғы 31 желтоқсанға</b>					
Қарыздар	15.234.400	-	19.234.333	112.405.434	1.728.599
Облигациялар	-	-	6.947.310	20.841.931	-
Басқа да кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер	43.938.996	35.528	-	-	-
Қаржылық жалдау	43.530	87.060	391.767	2.133.194	-
Қаржылық кепілдік	24.879.676	-	-	-	-
<b>Негізгі төлемдер мен пайыздарды келешекте төлеуді қоса алғанда, болашақ төлемдер жиыны</b>	<b>59.216.926</b>	<b>122.588</b>	<b>51.685.185</b>	<b>135.380.559</b>	<b>1.728.599</b>
<b>2024 жылғы 31 желтоқсанға</b>					
Қарыздар	954.345	3.076.577	22.677.960	143.229.304	4.260.540
Облигациялар	3.343.393	2.824.214	35.224.171	58.068.035	-
Басқа да кредиторлық берешек пен есептелген міндеттемелер	35.796.292	354.528	-	-	-
Қаржылық жалдау	35.012	70.025	315.112	2.095.781	-
Қаржылық кепілдік	58.906.226	-	-	-	-
<b>Негізгі төлемдер мен пайыздарды келешекте төлеуді қоса алғанда, болашақ төлемдер жиыны</b>	<b>99.035.268</b>	<b>6.325.344</b>	<b>58.217.243</b>	<b>203.393.120</b>	<b>4.260.540</b>

*Нарықтық тәуекел**Валюталық тәуекел*

Компанияның қаржы активтері мен міндеттемелері негізінен теңгемен көрсетіледі, нәтижесінде Компания елеулі валюталық тәуекелге ұшырамайды. Осыған қарамастан, Компания болашақта немесе қажет болған жағдайда хеджирлеу құрылымын енгізу үшін қаржылық туынды құралдар нарығындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыруда.

*Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі*

Компания нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларының оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсеріне байланысты тәуекелді қабылдайды. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемесі Қазақстан Республикасы инфляциясының нақты көрсеткіштерінің өсуіне байланысты Азия Даму Банкінің қарыздары бойынша туындайды. Компания айнымалы мөлшерлемелердің өзгеруіне мұқият мониторинг жүргізеді. Компанияның пайыздық мөлшерлемелерді өзгертумен байланысты тәуекелдерді азайту және жұмсарту жөнінде ресми келісімдері жоқ.

Егер 2025 жылғы 31 желтоқсанда пайыздық мөлшерлемелер 100 базистік тармаққа жоғары/төмен болса, барлық басқа айнымалы сипаттамалар өзгеріссіз қалса, бір жылғы пайда 234.251 мың теңгеге аз және 234.251 мың теңгеге көп болады, бұл өзгермелі пайыздық мөлшерлемені міндеттемелер бойынша жоғары/төмен пайыздық шығыстардың нәтижесінде болды (2024 жылғы 31 желтоқсанда 100 базистік тармақ жоғары/төмен: бір жылғы пайда 218.296 мың теңгеге аз және 218.296 мың теңгеге артық болар еді).

*Капиталды басқару*

Компанияның капиталды басқарудағы міндеттері Компанияның өз қызметін акционер үшін пайданы және басқа да мүдделі тараптар үшін табысты қамтамасыз ету үшін қызметтің үздіксіздігі қағидатына сәйкес жалғастыру қабілетін қамтамасыз ету және капиталдың құнын азайту үшін капиталдың оңтайлы құрылымын қолдау болып табылады. Капитал құрылымын қолдау немесе түзету үшін Компания акционерге төленетін дивидендтердің сомасын түзете алады, акционерге капиталды қайтарады немесе қарыз қаражатын азайту үшін активтерді сата алады. Саланың басқа компаниялары сияқты, Компания меншікті капитал мен қарыз капиталының арақатынасы негізінде капитал мониторингін жүргізеді. Бұл қатынас капиталдың жалпы сомасына бөлінген таза қарыз қаражаты ретінде анықталады. Таза қарыз қаражаты ақша қаражаты мен оның баламаларын шегергендегі қарыздардың (қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «қысқа мерзімді қарыздарды») және «ұзақ мерзімді қарыздарды» қоса алғанда) жалпы сомасы ретінде айқындалады.

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****20. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ (жалғасы)**

Күтілетін кредиттік зияндар моделіне енгізілген болжамды ақпарат (жалғасы)

*Нарықтық тәуекел (жалғасы)**Капиталды басқару (жалғасы)*

Капиталдың жалпы сомасы қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген «Жалпы капитал» және таза қарыз қаражаты ретінде анықталады.

<i>Мың қазақстандық теңгеммен</i>	<b>Ескер.</b>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>	2024 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздардың жиыны	10	<b>173.394.884</b>	198.769.031
<i>Минусы:</i>			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	8	<b>(58.896.941)</b>	(62.290.766)
Таза қарыз қаражаты		<b>114.497.943</b>	136.478.265
<b>Меншікті капитал жиыны</b>		<b>669.091.257</b>	580.672.636
<b>Капитал жиыны</b>		<b>783.589.200</b>	717.150.901
<b>Қарыз және меншікті капиталдың арақатынасы</b>		<b>17%</b>	24%

**21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ****Әділ құнды бағалау**

Әділ құнды бағалау нәтижелері талданады және әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша былайша бөлінеді: (i) 1-деңгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтық баға белгілеулер (түзетілмейтін) бойынша бағалау, (ii) 2-деңгейге - пайдаланылған барлық маңызды бастапқы деректер актив немесе міндеттеме үшін тікелей байқалатын бағалау модельдері арқылы алынған (яғни, мысалы, бағалар) немесе жанама түрде (мысалы, бағаның туындылары) және (iii) бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген бағалаулар болып табылатын 3-деңгей бағалары (яғни бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясында қандай да бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауларды пайдаланады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді қажет ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылған деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2-деңгейінде және 3-деңгейінде әділ құнды бағалау дисконтталған ақша ағындарының моделі арқылы жүзеге асырылды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ өзгермелі пайыздық қаржы құралдарының әділ құны тең баланстық құнға қабылданды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелді және ұқсас өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығындағы қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып, дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделеді.

<i>Мың қазақстандық теңгеммен</i>	<b>2025 жылғы 31 желтоқсан</b>				<b>2024 жылғы 31 желтоқсан</b>			
	<b>1-деңгей</b>	<b>2-деңгей</b>	<b>3-деңгей</b>	<b>Баланстық құны</b>	<b>1-деңгей</b>	<b>2-деңгей</b>	<b>3-деңгей</b>	<b>Баланстық құн</b>
<b>Активтер</b>								
Берілген қарыздар және борыштық құралдарға инвестициялар						80.322.09		80.322.093
<b>Қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>130.066.325</b>	<b>130.066.325</b>	<b>130.066.325</b>	<b>130.066.325</b>	-	3		142.613.409
<b>Міндеттемелер</b>								
Қарыздар мен облигациялар		152.984.653		173.394.884	-	182.081.896		198.769.031
<b>Қаржылық міндеттемелердің жиыны</b>	<b>155.879.314</b>	<b>155.879.314</b>	<b>155.879.314</b>	<b>176.103.382</b>	-	219.780.143		236.331.782

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****21. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ (жалғасы)****Әділ құнды бағалау (жалғасы)***Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері*

Белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының бағаланған әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар және өтеуге дейінгі мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған, алуға күтілетін бағалау ақша ағындарының сомалары негізінде анықталады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің кредиттік тәуекеліне байланысты.

*Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер*

Нарықтық баға белгілеулері жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі белгіленген құралдардың бағалау әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелі және өтеу мерзімі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған бағалау ақша ағындары негізінде анықталады.

**22. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

2026 жылғы 6 қаңтарда Компания 1.736.827 мың теңге сомасына негізгі борышты және «Самұрық-Қазына» АҚ пайдасына 2024 жылғы 19 қыркүйектегі № 1962-И шартына сәйкес облигациялар бойынша 1.215.779 мың теңге сомасына купонды жоспарлы өтеуді жүзеге асырды.

2026 жылғы 15 қаңтарда және 2026 жылғы 29 қаңтарда Компания «Семей Энерго» ЖШС жарғылық капиталын тиісінше 50.000 мың теңге және 150.000 мың теңге сомасына толықтырды.

2026 жылғы 23 қаңтарда Компания «Самұрық-Энерго» АҚ мен Азия Даму Банкі арасындағы Кредиттік келісім бойынша 15.234.400 мың теңге сомасындағы негізгі борыш бойынша берешекті және 573.978 мың теңге сомасындағы сыйақыны толық өтеді.

26, 29 қаңтарда және 2 ақпанда 27.11.2018 ж. н/ж Реверсивті кредит желісін ашу туралы келісім шеңберінде АлЭС АҚ-ға 8.970.000 мың теңге жалпы көлемінде қарыз берілді.

2026 жылғы 29 қаңтарда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№01/26 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ 45.000.000 мың теңге жалпы сомаға басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру арқылы бір акция үшін 450.000 теңге бағамен 100.000 жай акцияны орналастыру мақұлданды.

2026 жылғы 3 ақпанда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Екібастұз 2-МАЭС станциясы» АҚ арасында 98.876.369 мың теңгеге дейінгі сомаға № С-5 қарыз беру туралы келісім жасалды, 2026 жылғы 9 ақпанда көрсетілген келісім шеңберінде 14.669.382 мың теңге сомаға қарыз берілді

**23. АКЦИЯҒА ПАЙДА**

Акцияға шаққандағы базалық пайда Компания акционерінің үлесіне келетін пайданың бір жыл ішінде орналастырылған жай акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы ретінде есептеледі. Компанияда бөлінген әлеуетті жай акциялар жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы бөлінген пайда бір акцияға шаққандағы негізгі пайдаға сәйкес келеді.

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	<b>2024 ж.</b>
Компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылғы пайда	<b>77.498.814</b>	27.284.981
Айналыстағы жай акциялардың орташа алынған саны	<b>7.068.926</b>	6.736.618
<b>Компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылғы пайда (теңгеге дейін дөңгелектей отырып), базалық және бөлінген</b>	<b>10.963</b>	4.050

**ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)****23. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (жалғасы)****Бір акцияның баланстық құны**

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілігі ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күні бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректерді қамтуы тиіс. 2025 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық есептіліктің деректері негізінде Компания басшылығымен есептелген бұл көрсеткіш 97.698 теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 83.381 теңге). Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Мың қазақстандық теңгемен</i>	<b>2025 ж.</b>	2024 ж.
<b>Активтер жиыны</b>	<b>914.212.569</b>	843.442.047
Минусы: материалдық емес активтер	<b>(1.151.425)</b>	(988.710)
Минусы: міндеттемелер жиыны	<b>(245.121.312)</b>	(262.769.411)
<b>Жай акциялар үшін таза активтер</b>	<b>667.939.832</b>	579.683.926
31 желтоқсанға жай акциялардың саны (9-ескертпе)	<b>7.198.467</b>	6.952.267
Бір акцияның баланстық құны, теңге	<b>92.789</b>	83.381